



## ● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ



## "Ғасырларға куә болған мемлекет"

**Қымбат  
ДОСЖАНОВА**

Биыл еліміз Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелейді. Атаулы күн өткенге зер салып, арғы-бергі тарихымыздың ашылмаған парақтарын ақтаруға үндейді. Осынау мерейтойға байланысты Л.Толстой атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана көрме өткізген болатын.

"Ғасырларға куә болған мемлекет" атты іс-шараға жергілікті тарихшылар, кітапхана-шылар, тұрақты оқырмандар қатысты. Облыстық кітапхананың директоры Г.Қазина көрменің мән-маңызына тоқталып, өзінің ой-пікірін білдірді. Ал тарихшы мамандар қазақ қалқының мемлекеттілігі, хандықтың тарихы туралы айтып берген болатын. Көрмеге халқымыздың өмір салтынан, тұрмыс-тіршілігінен, әдебиеті мен мәдениетінен мол ақпарат беретін кітаптар қойылды.

– Қазақ мемлекетінің 550 жылдығын атап өту өте орынды. Әсіресе кейінгі толқын тарихты білгені дұрыс. Осындай іс-шаралар арқылы жастардың арасында тарихи сана қалыптасады, – деді ҚМПИ-ның аға оқытушысы, тарих магистры Рауан Байдалы.

Бүгінде Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алады. Алтай мен Атырау, Алатаудан Арқаға дейінгі ұланғайыр атыраптың иесіміз. Осынау иен дала қазақтарға қалай қалды? Қазақ хандығының 550 жылдығы осы сауалға жауап береді. Бұл атаулы күнді мерекелеу идеясын Елбасы Н.Ә.Назарбаев қолдады. Ұлт Көшбасшысы отандық жетекші телеарналардың өкілдерімен сұхбатында "Біз кеше ғана аспаннан салбырап түскен халық емеспіз. Біздің тарихымыз бар. Ол тарих бүкіл Қазақстанның жерінде сайрап жатыр" деді.

**СУРЕТТЕ: бір топ оқырман көрмені тамашалауда.  
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

## ● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

### "Соңғы қоңырау – 2015"

**Гүлназым  
САФИТОВА**

Міне, осындай атпен Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының күндізгі оқыту факультеті 4 курс тыңдаушыларының салтанаты болып өтті. Салтанатқа академияның басшылығы, профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлері, оқу

орнының ардагерлері, қонақтар мен ата-аналар қатысты.

– Биылғы оқу жылында жүз отыз екі тыңдаушы бітіреді, оның ішінде ұлты төжік тоғыз тыңдаушы бар. Тыңдаушыларымыз "Құқық қорғау қызметі" және "Педагогика және психология" мамандықтары бойынша білім алды. Енді олар Қазақстан Республикасы Ішкі істер органының офицері, елінің адал қызметкері болып, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға қадамдарын басып отыр, – деді бізге оқу орнының баспасөз хатшысы Орынбасар Уақпаева.

Іс-шара Қазақстан Республикасы Әнұранының орындалуымен басталды. Содан кейін салтанатқа жиналғандарды, бітіруші тыңдаушыларды Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Ербол Қаппасов құттықтай келе, "Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жас ұрпақ тәрбиесіне, білім беру ісіне ерекше назар аударып, сіздердің сапалы білім алып, үлкен азамат болуларыңыз үшін мемлекетімізде барынша жағдай жасап отыр.

2-бет

## Оқырман назарына!

"Қостанай таңы" газетінің сайты сіздерге тиімді де ұтымды қызметін ұсынады. Айталық, күнбе-күннің жаңалықтарын әлеуметтік желілерде ашылған жеке парақшалардан оқуға болады. Ол үшін төменде көрсетілген сілтемелерді теру арқылы тікелей газет сайтына өте аласыздар. Сонымен қатар осы желілер арқылы өздеріңізді толғандырып жүрген мәселелермен бөлісіп, пікірлесе аласыздар! "Қостанай таңының" сайты сіздердің күнделікті сырласу серігіңіз болмақ.



РЕДАКЦИЯ.

## ● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Дарынды ақын досым Ұлықбектің (Есдәулетов) "Атаңа нәлет көнбістік" деген жырының шыққанына көп болған жоқ. Сонда "Атаңа нәлет көнбістік! Қолында өлер адамға, құшақ жайып, қол қыстық; таспен атқан тажалға, табақ тартып, төр бердік; аса

НЕБӘРІ  
ҮШ ЖЫЛ...

жұртқа теңгердік, қонақжайлылығымыз қыр асып, дара қылығымыз – дарақылыққа ұласып, кішіпейілдігіміз гүл ашып, төменшік тартсақ – оң көрдік" деп, ұлттық қасиетіміздің әлсіз тұстарын ашына айтатыны бар. Несін айтасыз, аңғал да ақжарма, аңқылдақ халқымыздың ардаемген қасиеттері мына заманда қадірсіз, тиімсіз. Ал оның үстіне құнтсыздық пен көнбістікті қосыңыз. Сондықтан ба осы алаш баласының төлтума дүниесіне былайғы жұрт құмар да құмар. Жылқы, қымыз, шұбат, қазы-қарта, май-құртымызға дейін патенттеп алсақ деп жалаңдап жатқан атасы бөлек өзге ел. Сонау Американың қыршын желбір жекендері біздің "Балбырауын" мен "Сарыарқа" күйлеріне үйріле билейтініне бұрынырақ естісек, көрші қырғыз ағайындарымыз бен бірқатар басқа ел енді "Қаражорғамызды" өз тіліне аударып алып, айтып билеп, түбі біздікі деуге емеурін танытатын сыңайлы.

Осыдан 5 жыл бұрын қазақтың аса көрнекті этнограф ғалымы Жағда Бабалық Алматыдағы алқалы бір басқосуда: "Қазақ отбасында дүниеге келген әр сәбидің 2 жасқа дейін жамбасында көк таңба болады. Табиғи, биологиялық бұл таңбаны ұлттық ерекшелік ретінде заңдастыратын кез келді. Мұндай таңба қазақ халқында 100 пайыз кездеседі. Сондай-ақ белгілі бір деңгейде қырғыз бен моңғолда бар. Өзбек, ұйғыр, татар сияқты өзге халықтарда жоқ. Осы биологиялық таңбаны біз ғылыми түрде дәлелдеп, қазақтың биологиялық таңбасы дейтін сөзге ие болуымыз керек", – деп жұртты елең еткізіп еді. Ал ел аузында жүрген аңызда оны "періштенің алақаны", бала құрсақтан шықпай, "қиқарлық" танытқанда періште ұрады екен, көкпеңбек із содан қалыпты-мыс.

Бірақ осының мән-жайын анықтап, зерттеу жүргізілді ме, жоқ па, ғалымдарымызда үн жоқ.

Жоңғарлармен соғыста Бөгенбай батырдың алдына қалмақтың тұтқыннан қашып шығып келе жатқан екі қазақты алып келіпті. Біріншісі – еңгезердей төртбақ жігіт те, екіншісі – отты көзді шынашақтай ғана екен. Бөгенбай батыр әлгі кішкентайынан: "Тұтқында қанша уақыт болдың?" деп сұрапты. Ол: "Екі ай тұтқында болдым" депті. Сонда батыр: "Мына сарбазға қылыш беріп, таңдаулы жауынгерлер қосына жіберіңдер!" депті. Ал енді алпамсдай төртбақ жігіттен сұрағанда ол: "Үш жыл тұтқын болдым" депті. Сонда қас қолбасшы "Мынаған құрық беріп, жылқы бағуға жіберіңдер!" депті.

Осыны көзбен көріп куәгер болып отырғандар Бөгенбай батырдан мұндай оқыс шешімнің мәнісін сұрайды. Сонда Бөкең: "Анау бөкенедей жігіт тұтқында екі-ақ ай болыпты, әлі рухы сынбаған екен. Қалмақтан көрген қорлығы бетіне шыққан, қаны қайнап тұрған нағыз оғылан. Сондықтан таңдаулы қосынға жібердім. Көзіне қалмақ көрінсе қасқырдай шабайын деп тұр.. Ал, мына еңгезердей сабаз 3 жыл тұтқында болған. Қалмақтың тепкісін әбден көрген, жігері құм, құлдық сүйегінен өткен. Көзіне қалмақ көрінсе жата кетейін деп тұр. Оған жылқы баққаннан басқа не берейін" депті.

Апырау, батыр бабамыз оғыланның қасиетін қор етуге небәрі үш жыл жетеді деген екен. Ал біздің халқымыз бодандықта қанша жыл, ғасыр болған?.. Бағып жүрген жылқыдан да айырылатын түріміз бар.

## "Соңғы қоңырау – 2015"

Академия іргесінде алған білімдеріңізді Отанымыздың күш-қуатын арттыратын қызметкері болуларыңызға, өз мамандықтарыңыздың кәсіби маманы болуға, әр іске жауапкершілікпен қарайтындықтыңызға сеніміміз мол", – деді өз сөзінде.

Содан кейін академия қабырғасында төрт жыл бойы республикалық, облыстық және ведомстволық оқу орындарының арасында өткізілген ғылыми, спорттық шараларға қатысып жүлделі орын иеленген, оқу орнының қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, өздерінің жетістіктерімен танылып жүрген бір топ түлектер оқу ордасының бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызыловтың бұйрығымен грамотамен, алғыс хаттармен және алғыстармен марапатталды. Солардың арасында самбоны, еркін күресін, қоян-қолтық ұрысын, футболды дамытуға және насихаттауға белсенді қатысқан Олжас Базарбаев, Мухамад Джобиров, Азамат Азберген, Сұлтан Бекжан, Дулат Калменов, Азамат Ахтанов, Рүстем Тұрғұнов, Ақбар Пояндаев, Абай Жамгиров және Эльдар Мубараков сынды түлектер бар.

Іс-шара барысында түлектерді ардагерлер кеңесінің ұжымынан отставкадағы полиция полковнигі Борис Болотских, отставкадағы полиция полковнигі Татьяна Зюбанова, курс бастығы полиция майоры



Азамат Күсеубаев және күндізгі оқыту факультетінің аға оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі Ирина Украинцева түлектерді құттықтап, оларға сәт-сапар тіледі. Ал, курс бастығының орынбасары полиция аға лейтенанты Баймұрат Каленовтың жетекшілік етуімен карabinщиктер взводы өзінің жетік шеберлігінің арқасында бір адамдай автоматты қолданудың өртүрлі әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ, оқу орнының "Полицейская академия" атты КВН командасы да өз өнерлерін көрермендерге тарту етті. Ата-аналар комитетінің төрайымы Мәншүк Жаукенова түлектерді оқу орнын аяқтаумен құттықтап, аналық жылы сөздерін арнады. Сол секілді оқу

ордасының түлектері, үздік спорт шеберлері сахна алдында өз өнерлерін, билерін, өлеңдерін профессорлық-оқытушылар құрамына және ата-аналарға тарту етті. Салтанат соңында академияның дәстүрі бойынша 4 курстың түлектері 3 курстың тыңдаушыларына салтанатты түрде ауыспалы қоңырауды табыс етіп, таңдаған мамандықтың кәсіби маман иесі болып, биік шыңдардан көріне берулеріне тілек білдірді. Содан кейін түлектер естелікке профессорлық-оқытушылар құрамымен, ата-аналарымен суретке түсті.

**СУРЕТТЕ: салтанаттан көрініс**

Әділ шешім салтанат  
құрды

Айбек  
КӘДІРҰЛЫ

**Қостанайдағы "Қазақстан" кинотеатрының иесі қалалық әкімдікті сотта жеңіп шықты. Сөйтіп жер телімінің иесі өз құқығын дәлелдеп берді.**

Бұл туралы сот процесі кезінде фирманың мүддесін қорғаған кәсіпкерлер Палатасының сарапшылары баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Сарапшылардың пікірінше, сот апелляциялық тәртіп бойынша "АМС COST" ЖШС-іне тиесілі жерді мемлекет мұқтаждығына алу туралы жергілікті шенеуніктердің шешімін заңсыз деп таныған. Бұл шешім компанияға жер телімін сақтап қана қоймай, кинотеатрды кеңейту үшін несиеге алған 616 млн. теңге шығынды шегеруге мүмкіндік әперді. Осыған дейін кәсіпкерлер Палатасы сот арқылы фирманың мойнындағы несиенің ай сайынғы төлемін 5 млн. теңгеден 2 млн. 600 жүз мың теңгеге дейін қысқартуға көмектескен еді.

– Осы аралықта Палатаның сарапшылары кәсіпкерге заңды түрде тиісті қолдау көрсетіп, сот

процестеріне қатысты. Әуелгі отырыста әкімдіктің пайдасына шешілген сот шешіміне наразылық білдірген облыс прокуратурасы үлкен жәрдем берді. Нәтижесінде, біз кәсіпкердің заңды құқықтарын қорғауға қол жеткіздік, – дейді облыстық кәсіпкерлер Палатасы директорының орынбасары Самат Сәдуақасов.

Естеріңізге сала кетейік, қала әкімдігі мен "АМС COST" ЖШС-і былтырдан бері "Қазақстан" кинотеатрына іргелес жатқан жер телімі үшін бір-бірімен текетіресіп келген-ді. Аты аталған фирма жерді сатып алғанмен, қалалық әкімдік о баста берген уәделерінен айнып қалды. Қос тарап арасындағы бітпес дау, міне, осыдан басталған. 2014 жылы компания жалпы пайдаланымдағы жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтару туралы хабарламаны алады. Амалдары таусылған "АМС COST" ЖШС-і кәсіпкерлер Палатасының сарапшыларына жүгінуіне тура келеді. Олар шенеуніктердің заңсыз іс-әрекетіне қарсы шығып, ҚР ҰКП басшылығының қатысуымен өткен кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңеске шағымданды.

Биылғы жоспарды  
нақтылады

Қымбат  
ДОСЖАНОВА

**"Нұр Отан" партиясы ҚОФ-ның сайлауалды платформасы бағытындағы жергілікті кураторларының жиналысы өтті. Іс-шарада партиялық кураторлар мен сарапшылар тобы өткен жылы жасаған жұмыстарын қорытындылап, биылғы жоспарларды нақтылады.**

Аталмыш партия бұқараның әл-ауқатына бағытталған он екі жобаны жүзеге асыруда. Әсіресе, "Кедегісіз келешек" жобасының маңызы зор. Себебі, бұл жоба мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдауға арналған.

Жергілікті кураторлар аталған жобаларды жүзеге асыру арқылы халықтың мұң-мұқтажынан хабардар болуда. Мәселен, "Мықты бизнес – қуатты мемлекет" жобасы бойынша партиялықтар жергілікті кәсіпкерлерге оқыту семинарларын өткізді. "Шағын және орта бизнесті қол-

дау" бағытындағы жергілікті куратор Алмагүл Сауденованың айтуынша, алдағы уақытта семинарлардан шығатын қорытындыны талдау керек.

– Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүруге болмайды. Партиялықтар шешімін таппаған мәселенің ортасынан табылуы керек. Қарапайым халықтың арасындағы проблеманың не үшін туындағанын, оны қалай шешу керектігін білуі керек, – деді партияның "Білім және ғылым" бағытындағы жергілікті кураторы Қадырғали Жаманбалин.

## ● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

# Өңірде дәрігер мамандар неге тапшы?

Нұрболат  
МЕШІТБАЕВ

Бұған дейін хабарлағанымыздай, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Орал Бекмағамбетов журналистер үшін брифинг өткізді.

Ол медицина саласындағы өзекті мәселелерге тоқталып, жетістіктерді де жіпке тізді.

— Өздеріңіз жақсы білесіздер, — деді Орал Айтбайұлы. — Күні кеше Рудный шаһарында перина-талды және инсульт орталықтары ашылды. Сондай-ақ, Қостанайда да қалалық балалар аурухана-сының жанынан оңалту, облыстық ауруханада медбикелік көмек көрсету бөлімдері жұмыс істейді. Бұл әрине, бізге ауадай қажетті орталықтар еді ғой. Соны іске асырғанымыз абыройлы болды.

Орал Бекмағамбетов алдағы жоспарларымен де бөлісті. Мәселен, облыстық онкологиялық диспансердің жанынан тәулігіне 300 сырқат адамды қабылдайтын емханалық бөлімнің құрылысы бас-талмақ.

Айтса айтқандай-ақ, қазір онкопатологиялық аурудан көз жұматындардың саны 6%-ға, құрт ауру-ына шалдығып бұ дүниемен қоштасатындардың көрсеткіші 26%-ға қысқарса, жүрек-қан тамырла-ры дертіне ұшырап қайтыс болғандар 24%-ға қыс-қарыпты.

Ал, өңірдегі дәрігерлік мамандардың жетіспеуі, әсіресе қашықтағы Жанкелдин, Аманкелді аудан-ы мен Арқалық қаласындағы жағдай туралы сауалға басқарма басшысы:

— Бұл жайт әрине, қабырғамызға батады. Тек бізде ғана емес, еліміздегі әр облысқа тән құбы-лыс. Сондықтан бүгіннен бастап осы мамандыққа даярлайтын оқу орындарының басшыларымен сөйлесіп жатырмыз. Ынта-ықыласы бар маман иелерін өңірге шақыруды өзірге осылай шешіп жатырмыз. Рас, жас мамандардың көбісі Астана, Қарағанды, Алматы сияқты өңірлерді қалайды.



Алыс та қашық аймаққа атбасын бұрғылары жоқ. Бұл мәселеге түсіністікпен қарауға болады, — деп ақиқатын айтып ағынан жарылды.

Тегін дәрі-дәрмек алып емделіп жүрген сыр-қатты жандардың жағдайы қалай болмақ? Бұған мұқтаждар бұл көмекті ала алмай отырғандығын ескертіп, сауал қойған тілшіге Орал Айтбайұлы былай деді:

— Кім екенін өзіңізден естіп білдік. Жаңа ғана түртіп алдым өзіме. Ол адамға көмекті көрсетеміз. Мұндай жайтқа бей-жай қарай алмаймыз. Осы аптаның аяғына дейін диспансерлік емделушілер-ге берілетін тегін дәрі-дәрмек облыстық мекеме-лерге толықтай жеткізіледі. Былтырғы жылдың мәліметін айтсақ, бұған 1 млрд. теңгеден артық қаржы жұмсалып, 72 мыңнан астам сырқатқа көмек көрсетілді.

Міне, осындай ақпараттармен бөліскен бас-қарма басшысы өзінге өңірдегі медицина сала-сының қарқынды дамып жатқандығын баяндап берді.

Суретті түсірген Айбек Жүзбай.

## ● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

## Айыратын ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ МЕ?

Жұматай  
КӘКІМЖАНОВ

Ықылым заманнан адам бала-сы түрлі әдіспен бір-бірінен ха-бар алысып келген. Ерте кездері аталарымыз ат шаптырып, сө-лемін жеткізсе, сол кездің жаста-ры жеңге жүгіртіп, бір-біріне де-ген сезімдерін сездіргені әмбеге аян. Қалай болса да, байланыс орнатып, жазғандарына жауапты айлап, кейде жылдап күтіп, әйте-уір бір хабарын алды.

Заман түзелді, техника дамып адамдардың тұрмысы да, байла-нысы да жеңілдей түсті... Хаттың да жазылуы мен жеткізілу тәсілдері жеңілдеді. Тоқсанын-шы жылдарда поштаның пәрме-німен жазғанымыз жетілеп жүріп, диттеген жеріне әуіріммен жеткізілді. Ал, жаңа ғасырда ха-тымыз электронды поштаның көмегімен жұмыр жердің кез-кел-ген нүктесінде сол сәтінде оқыла-тын болды. Ұялы байланыс құралы, компьютер, планшет-теріңіз ақпарат алмасудың ең тиімді, ең қажетті құралға айнал-ды. Ең бастысы, техниканың тілін біліңіз, хабар жіберіп, хабар алу түк болмай қалды.

Ақпараттық технология қар-ышты дамыған сайын, әлеу-меттік желілердің де қатары қа-лыңдай түсті. Бас кезінде бәріміз-ге жат көрінген "Мой мир", "В кон-

такте", "Одноклассники", "Фейс-бук" іспетті желілер қоғамдық байланыстың бір бөлігіне айнал-ды. Осыдан да болар, ғаламтор-ға телміріп, техникаға жармас-қандардың қатары жаңбырдан соңғы жауқазындай қаптай берді. Жаңалыққа еліктегіш жастары-мыздың өзін былай қойғанда, аға буын өкілдерінің де әлеуметтік желілерге жайғасқанын айта кет-кен жөн.

Әлеуметтік желілерді қанша-лықты кәдемізге жаратып жатыр-мыз? Әңгіме барысы осы жаққа ойысқанда "байланысып, хабар алу, жұмыс және тұрмыс үшін қажетті" деп ақталып жатамыз. Осы бір бөлеге кіріптар болып, күнімізді қаратып, баланы да, басқаны да ғаламтор шырмауы-на салып қойғанбыз. Қарапайым күнделікті былай қойып, бала-лардың пән бағасын ғаламтор-дан, әлеуметтік желі арқылы қарайтын күйге жеттік. Білмейтінімізді білімдіден емес, "Гугл", "Яндекс" деген білгіштер-ден алатын болдық. Одан қалды, айтарымызды "әлеуметтік алаңға" тастап, экранның арғы жағынан хабар күтетінді шығар-дық...

Қазіргі таңда, жастарды жар-астыратын да, ажырататын да осы әлеуметтік желілер болып отырғаны шындық. Бұрынғыдай кездесуге шақырып әуреленбей, үйде отырып, бір-бірін біліп, сезім

білдіріп жатқандары қаншама. Әңгімелері жарасып, отау құрған-дары да баршылық. Әлеуметтік желінің кесірінен ажырасып жүргендер де жеткілікті.

Жасыратыны жоқ, кей кездері шаңырағымызды шаттыққа бөле-ген балаларымызға көз салмай, компьютер мен ұялы байланыс құралымызға телміреміз де оты-рамыз. Құдды, өміріміздің сені де, мәні де соның ішінде іспетті. Ері мен әйелінің өз әлемі, балалар-дың бой жазатын өз алаңы пай-да болды. Барлығы да ғаламтор ішінде... Бір-бірімен тоғыспайды, бір-бірімен ұрыспайды. Ақыр аяғында бір-бірінен алыстап, бір-біріне жат болып шыға келеді. "Не жаздым, нем жақпады" деп осы арада ойлана бастайсың. Отбасы құндылықтарының құлдырап, ажырасушылардың көбеюіне осы себеп шығар?! Кім, анығын айта алады?

Бірде, үйінде электр жарығы бірер сағатқа өшіп қалған бір па-қырың, уақытты өлтірмекке туған-туыстарымен тілдескенін әлеу-меттік желіге жариялапты: "Ата-анам, бауыр, бала-шағаммен екі сағат әңгімелестік, өзіл айттық, күлдік. Жалпы жақсы кісілер екен" — деген екен. Әзіл де болса, ащы шындық. Әлеуметтік желілердің арбауында жүріп, жақындары-мыздың жақындығын сезінуден қалып барамыз. Айтпағым осы еді...

## Тобыл Торғай Тынысы

### Жұмыс жоспары талқыланды

**Облыста.** Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арнал-ған мектеп-интернатында "Өрлеу" БАҰО" АҚ филиалы Қостанай облысы бойынша ПҚ БАИ деңгейлік бағдарламалар орталығы-ның тренерлері мен сертификатталған мұғалімдердің жиыны өтті. Онда "Педагогтардың қажеттіліктері мен қиындықтарын анық-тау диагностикасы" бойынша сауалнаманың нәтижесі қарасты-рылды. Және де сертификатталған мұғалім жұмысын жүйелі ұйымдастыру, критериялды бағалау технологиясын кезеңмен енгізу туралы шешім қабылданды.

### Ауыл әкімдерінің есебі

**Қарасу.** Ауылдық округ әкімдерінің халыққа есеп беру жи-налысы жалғасуда. Осы уақытқа дейін аудан басшысы Алмабек Шәмшиевтің қатысуымен 22 селолық округ әкімдері есеп берді. Тұрғындар әлеуметтік, медициналық, еңбек ақының тұрақты берілуі, ауыл шаруашылығына қатысты өздерін толғандырған мәселелерді билік өкілдерінің назарына ұсынды.

### Жемқорлыққа жол жоқ

**Жанкелдин.** Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департа-ментінің Арқалық аймағындағы ауданаралық бөлім басшысы Асқар Жаналинов Жанкелдин ауданында мемлекеттік қызметкер-лермен жүздесті. Басқосуда Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы страте-гиясының негізгі бағыт-бағдарын түсіндірді.

### Украин хорына 20 жыл

**Рудный.** Қаладағы "Орбита" демалыс орталығында "Мария" украин халықы әндерінің хоры өзінің 20-жылдық мерейтойын өткізді. Өнер ұжымы көптеген қалалық және халықаралық байқ-аулардың жеңімпазы. Оның репертуарындағы 100-ге жуық әннің арасында қазақ халқының әндері де баршылық. Мерейтой иелері сахнада тың мен комбинаттың 60-жылдығына, Жеңістің 70-жыл-дығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығына орай арнайы әзірлеген нөмірлерін көрсетті.

### Өзірге тұмау тіркелген жоқ

**Облыс.** Өңірде тұмау дертіне шалдыққандар анықталған жоқ. Эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Жалпы, өткен жылдың қара-ша айынан бастап облыста өткір респираторлық жұқпалы инфек-цияны 14 504 адам жұқтырған. Оның ішінде 1028 жағдай бір жа-сқа толмаған балалар арасында тіркеліп отыр. Және 97 жүкті әйел инфекцияға іліккен. Дәрігерлер ауа райы құбылмалы кезде суық тигендер саны арта түсетіндігін айтады. Сондықтан, тұрғында-рға мұндай қауіпті кезеңдерде өз денсаулықтарына сақ болуды ескертеді.

### Энциклопедияға кірді

**Аманкелді.** Аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп халықаралық "Білім үздіктері" атты энциклопедияға кірді. Мектептің тарихы, ұжымының бүгінгі таңдағы жетістіктері жазылған аталмыш энциклопедияда білім саласындағы жаңашыл бағыттағы жұмыстары үшін Ресей, Бела-русь, Қазақстан және Украина елдерінің таңдаулы үздік білім ордалары бар.

### "Аға буынға көмек көрсетейік"

**Қамысты ауданы.** Аудан орталығында осындай атаумен ұйымдастырылған акция жалғасып жатыр. Шараның мақсаты — қарт адамдарға ізет көрсетіп, оларға қолдан келгенше көмектесу. Бастамшыл жастар аға буын өкілдерінің аулаларын тазалау ша-расын ұмыт қалдырған емес. Соның бір көрінісі — 20 қаңтарда аудандық мәдениет бөлімінің маманы Б.Оразов, Жастар баста-малары орталығының әдіскері Б.Жоламанов аудан тұрғыны В.Оцербиктің ауласын қардан аршып берді. Қарт ананың алғы-сын алған жастар акцияның әлі де жалғаса беретінін айтты.



# ЗЕРДЕ

## "Қостанай таңының" тарихи-танымдық қосымшасы

• ЗЕРДЕ

• ЗЕРДЕ

• ЗЕРДЕ

• ЗЕРДЕ

• ЗЕРДЕ

Алып бөйтеректің сан қилы бұтағы секілді діңгегіне діттеп барсаң, қазақ деген атадан тараған ұлттың ұрпағы болып шығамыз. Демек, шежірені де бөйтеректің дарағындай сан тарауды пәлсапа тілімен айтқанда "кездейсоқтық емес сәйкестік" деп қабылдағанмыз жөн.

Қазақ тарихындағы жетпіс жылдық кеңестік түйсік қазақты қазаққа жатбауыр етудің классикалық тәсілін жүзеге асырды. Соның

зардабын бірнеше ұрпақ басынан өткеріп, жастарға залалын да тигізді. Ата-баба аруағын құрметтеу дүниеге келген әрбір пенденің міндеті. Парызды өтеу үшін кім де болса қолдан келгенше аянбасы анық. Бірақ, "заманына қарай амалы", "адамды заман билейді" дегендей, заман өзгерісі, қиыншылығы ешкімге де мұрша бермегені тағы ақиқат. Әріге бармай-ақ, кешегі аштық пен 1941-1945 жылдардағы соғыстың қиыншылықтарын еске алсақ та жеткілікті...

# ҚАРАБАС БАБА

## 1. ЗИРАТЫ ҚАЛАЙ ТАБЫЛДЫ?

Кешегі қиын-қыстау кезеңдерде біздің ата-бабаларымыз аттың жалы, түйенің қомында жүріп, бабаларына ескерткіш орнатуға шамалары келмеді. Тек тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өмірден өткен ата-баба рухына тағзым ету өріс алды. Әсіресе, Торғай жақта ру басы болған аталарымызға еңселі ескерткіш орнатып, ас беріп жатқандар жеткілікті. Біле-білгенге бұл өнегелі іс.

Орыс рухының өзегінде Петербург тұрса, қазақтың байтағы Торғай. Осындай қасиетті өңірде Қарабас бабаның дүниеге келуі — оның ұрпақтарының мақтанш сезімдерін оятады. Жазушы-журналист Сабыржан Шүкіровтің бір шығармасында баба өміріндегі ең қымбат та елеулі кезең — елін, ұрпақтарын жаудан қорғағаны туралы кеңінен жазылған. Әсіресе, қартайған шағында қалмақтарға қырғидай тиіп, оларды ел шетіне жолатпағаны шынайы суреттеліпті.

Баһадүр бабамыздың осындай қам-қорлығының арқасында ұрпақтары аман қалды. Өсті, жетілді, ер жетті. Ел қамын ойлайтын азаматтар дүниеге келді. Қарабас руынан елдің өркендеуі үшін аянбай еңбек еткен қаншама тұлғалар шықты.

Ел басына күн туған зар заманда сынық сүйем жер үшін жауға қарсы атой салып, елін қорғап қалған жаужүрек бабаларымызды қалай дәріптесек те артық емес. Біздің Қарабас бабамыз Ақшығанақ ауылының жанындағы Қарсақбасы төбесін мекен еткені тарихтан белгілі. Бұл маң шаруаға өте қолайлы қоныс болған.

Сонымен өткенге салауат. Ойды ой қозғайды. Соңғы жылдары жеті атамызды түгендеп, сол арқылы ағайын-туысты танысақ, бір атадан тараған балалар жатбауыр болмай, бабаларын білсе деген ниет тұды.

Менің атам — Жүсіп баласы Зейнелге, әкем Зейнел балалары — біздерге өсиеттеп кеткеніндей сонау XVIII ғасырда Ақтөбе өңіріне жерленген Қарабас әулие зиратын анықтап тауып, көздеген мақсатымызға жету биік мұратымыз болатын. Ата мен әке өсиеттерін орындау — ұрпақтары үшін парыз.

Қайтпек керек, туған інілерім — Ораз, Қуанышбек, Оразғали, Шыңғыс, туыстардан — Серік Тұрғынбеков, Сабыржан Шүкіров, Ғалым Байназаров, Қонтай Шынтеміров, Кеңесбек Мәулетов, Саду Шәйкенов, Тоқмырза Нұртазин т.б. маған үлкен міндет жүктеді.

Өзімді де баба зиратын табу керек деген ой жиі мазалайтын. "Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас" деген сөз бар ғой, осындай қасиетті іске көмектесетін адам іздеп жүргенімде, Кеңесбек Ақтөбе жағында тұратын жиені Қасымбекті тауып берді. Ғалым Байназаров та дер кезінде көмектесе білді.

Сонымен, әр істің бастауы болады дегендей, туысым Айдарды ертіп алып, 2011 жылы оныншы желтоқсан күні Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданына жол тарттық. Аудан әкімі Есімхан Қалмағам-



бетұлын бұрыннан білетін едім, біздерді жақсы қарсы алды.

Аудан әкіміне келген жұмысымды айтқанымда, "Басқұдық" деген жер алыс және адасып кетерсің деп жаныма бір шофер жігітті берді. Жолай Псков аулында тұратын Оразхан деген жиенді де жанымызға серік қып қосып алдық.

Жолға шығарда бұрын Басқұдық ауылының әкімі болған Темірбек деген жігітке кездесіп, одан да жөн сұрасқанбыз:

— Қарабас бабаның бейіті барын естігенмін, бірақ руын, қай жердікі екенін білмеймін, — деді.

Естүімізше, Қарабас бабаның басына біреу көктас қойған. Бірақ, оны кімнің орнатқанын ол да білмейтін болып шықты. Тек, жергілікті тұрғындар Әулие кісі десетінін естіген.

Сонымен не керек, бәріміз жол талғамайтын көлікке жайғасып "Басқұдыққа" апаратын жолға түстік. Зиратқа жақын-дай бергенде машина үш-төрт рет от алмай қалды. Бұл да бір тылсым шығар.

Расында, баба бейітіне қойылған құлпытасты көзіміз шалды. "Қарабас

әулие ата". Басқа жазу жоқ. Біз қол жайып, дұға бағыштадық.

Қорымнан төрт шақырымдай жерде "Сарбұлақ" деген ауыл бар екен. Сонда сексен екі жасқа келген Оразғали Толыбеков есімді қарт мұғалім тұрады. Жолаушылап шыққан біздер көнекөз қарияның үйіне аялдап, ол кісіден: "Қарабас бабаның зираты туралы не білесіз?" — деп сұрадық.

— Оны нақты білмеймін. Бірақ, көктасты Қарабұтақ ауданының прокуроры Серік Сосаев деген азамат қойыпты, — деп жауап берді. Ақсақал айтқан тың ақпарат бізге жаңа бағыт сілтеді. Енді соны тауып алып, өзімен сөйлескеніміз жөн. Ол бұрын Ақтөбе облыстық прокуратурасында қызмет істеген, бірақ қазір Қостанай облысы прокурорының орынбасары екен. Көп ұзамай онымен тілдесудің сәті түсті.

Серік құлпытас орнату тарихын маған асықпай баяндап берді. Оған Дина есімді бақсы кісі осындай кеңес берген. "Іздеген жетер мұратқа" демекші, ақыры Дина бақсыны да таптық. Ол кісі де тегін адам емес екен. Былай деді: Түсімде «Ақ

әулиеге барып құран оқы» деген хабар келді. Мен оны екі етпей орындадым. Бірде Қарабас бабаның басына тәу етіп, тізеңді бүк деген хабар келгендей өзімнен-өзім мазасыз бір күйге түстім. Осыдан кейін әулиенің зиратын тауып алып, құран оқыдым" — деді.

— Бұл Қарабас бабамыздың зираты екеніне көзіңіз жете ме?

— Мен мұны Қарабас бабаның зираты екендігіне сексен пайыз сіздерді сендіре аламын, — деді Дина бақсы, — Мен Қарабас бабаның басына барып, оның рухымен сөйлесіп, сосын сендерге айтамын.

2012 жылы шілде айында Әйтеке би ауданында бақсымен қайта кездестік. Дина біздің құрметімізге қонақасы берді. Біз де, Орынтай екеуіміз кетер кезде дастарханымыздан дәм татырдық.

Осыдан кейін тамның басына бару керек болып, мен жол бастап алға түстім, бірақ көп кешікпей адастым. Ал бақсы өз машинасымен алға түсіп, бірден Қарабас бабаның зиратына апарды. Қорымның маңына барғаннан кейін, біздерді ойда — төменде қалдырды да, өзі қырдың үстіндегі зиратқа құрбысы екеуі шықты. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін қасына біздерді шақырды. Бардық.

— Міне, осы сіздердің бабаларыңыз — Қарабастың зираты, — деп жауап берді.

Артынан білдім, біз ойда-төменде отырғанда Дина бақсы Қарабас бабаның аруағымен сөйлескен екен. Кейбір кісілерде ерекше бір тылсым қасиеттер болатыны шындық қой, сондықтан біз оның айтқанына сендік.

Дина бақсыға тағы да бір сұрақ қоюға тура келді.

— Осы зиратқа ескерткіш қоюға бола ма?

— Ескерткішті туған жеріне қою керек, — деді ол.

Орынтай екеуіміз Қарабас баба қабірін тауып берген Дина бақсыға рахметімізді айтып, қуанып, елге қарай бет алдық.

Иә, бабамыздың бейітін табу үшін қаншама адаммен кездесіп, олардан бабаның зираты туралы мағлұматтар жинадым.

Әсіресе, бұрын Торғай жағында болған, руы Бақай Рысжан апайдың айтқан сөзі көңілге қонады. Бұл кісімен мен 2012 жылы таныстым. Маған қол ұшын созған кісілердің бірі осы мейірімді жан. "Жердің ыңғайына қарап ойласақ Қарабас баба зираты сіздердікі", — деген еді сол жолы Рысжан апай.

Бұл кісі көп жылдар Ақтөбеде музей бастығы болған. "Құрмет" орденінің иегері.

Қарабас бабаның басына "Мыңжасар" деген жазуы бар екінші көктасты кім қойды екен деп ойладым. Ауыл адамдарынан сұрасам, кім қойғанын білмейді. Бірақ, бұл Мыңжасардың бейіті деп сол жерде маған қарсы келген тағы ешкім болған жоқ. Дегенмен, бір-екілі қарт кісілердің айтқаны есімде қалыпты.

Әбсұлтан Әбішев есімді қария мен Әйтеке би ауданының молдасы Әбдіраш Дүйсеновтер: "Біздің білетініміз, бұл жатқан Қарабас әулие. Ел болғасын өлім-жітім болмай тұрмайды, бәрі сол қорымға апарып қоятын. Сонда әуелі Қарабас әулиеге құран оқып, содан кейін ғана жерлеу қамына кірісетін. Мыңжасар дегенді естіп те, білген де емеспіз", — деген еді.

Біз Әбдіраш молданы қорым басына ертіп барғанымызда, "Қарабас әулие ата" деп жазылған құлпытастың алдына мәрмәр тақтайшаға "Қожабергенұлы Мыңжасар (1800-1880жж.), белгі қоюшы — Амантай Бірманов" деп жазып, қойып кетіпті.

Кімнен сұрасақ та Мыңжасар осы жерде жатыр дегенді осы кезге дейін естімегендерін айтты.

Ақтөбе жағында тұратын жиеніміз Қасымбек Әбдірахманұлы да бұл істе

белсенділік танытты. Ол "Ақтөбе" газетінде Қарабас баба туралы жазылған мақалаларға нақты дәлелдермен жауап қатты. Мысалы, Сарыбұлақ ауылының тұрғыны Оразалы Толыбеков деген кісі "Қарабас әулие. Ол кім?" деген көлемді мақала жариялапты. Осыған байланысты Қасымбек облыстық газетке "Қарабас әулие" атты деректі әңгіме жазды. Мұнда Қасымбек Қарабас әулиенің Басқұдық-Сарыбұлақ деген жерде жерленгенін дәлелдеп берді. Өйткені, бала кезінде Торғай жақтан келген нағашыларынан: "Қарабас баба Ақтөбе жағындағы Басқұдық-Сарыбұлақ деген жерде жерленген", — деген сөздерді естіген екен. Осы әңгімені ол ұмытпапты. Газетке жазып, елге паш етті. Тағы бір жолы Бөрібай Көртен деген ақтөбеліктің "Бос сөз. Қарабас әулие Арғын емес" атты мақаласының шығарыс өтірік екеніне нақты мысалдар келтіреді. Қасымбектің жауабына Бөрібай қарсы мақала жазбады. Соған қарағанда шындықты мойындаған болуы керек. Айта берсем Қасымбектің осы тақылеттес еңбегі жетерлік. Оған көп рахмет, бақытты, ғұмырлы өмір сүрсін!

Сонымен Қарабас Баба ұрпақтарының алдындағы парызының бір тармағы орындалғанына қуанып, аман-сау елге жеттік. Алда әлі де игілікті істер күтіп тұрған болатын...

## 2. ЕСКЕРТКІШ ҚОЮ — ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Қарабас Бабаның зиратын тапқаннан кейінгі ендігі міндет, ол бабаның туған жеріне ескерткіш орнату еді. Көп ойландым. Ескерткішті қандай материалдан істету керек? Оның формасы қандай болуы шарт? Қайда апарып қойған жөн? Кірпіштен жасатсам күн көзіне, желге шыдамай үгітіліп, уақыт өте келе бұзылып қалады. Немесе қорымдағы темір қоршауларды тонап жүрген бұзақыларға кірпішті қирату аса қиын емес екенін білемін. Жер бетінде мәңгілік тұратын ештеңе жоқ, бірақ бабамызға орнатқан ескерткіш ұзақ уақыт сақталғаны дұрыс болар еді — деп те ойладым. Көп ойдан шығарған қорытындым: ескерткішті үлкен тастан ойып жасату керек. Өйткені, тастан жасаған ескерткіш талайға шыдас береді әрі оны ешкім сындыра алмайды.

Сонымен не керек, тас іздеуге кірістім. Қамысты ауданындағы Адай ауылының карьерінен үлкен бір тасты машинаға тиеп, Қостанайға келе жатқанымда, әлгі тас быт-шыт болып жарылып қалды.

Екінші жолы, жанымда Қамысты ауданындағы "Ақкөл" ЖШС-нің директоры Асқар Ахметжанов бар, Жітіқараға бардық. Қаланың шетінде ұсақ тастар жиналған жерлерді аралап жүргенбіз. Бірде жалғыз ағаш өсіп тұрған жерге барсақ, қасында үлкен көктас (гранит) жатыр. Көктен іздегеніміз жерден табылды деген осы. Қостанайдағы шеберханаға апарып тапсырғанымызда, тастың салмағы шамамен сегіз тоннаға шықты. Сосын Челябинскіге хабарласып, одан он тонна мәрмәр тас алдырттым. Екі түрлі тастың салмағын қоса есептегенде шамамен он сегіз тонна тартты. Ескерткіштің материалы табылды, енді оның формасы қандай болу керек? Осындай оймен жүріп, бірде Әулиекөл ауданынан Шолақсайға қарай бара жатқанымда, аудан орталығынан отыз шақырымдай қашықтықта, жолдың шетінде Әйдерке баласы Татан бабаға арнап қойылған үлкен ескерткішті көрдім. Тоқтап қарап шықтым, жақсы салдырған екен.

Ескерткішті құрастырып жатқан шеберханаға әлсін-әлсін барып, қалай жасап жатқандарын көріп тұрамын. Ақыладасқан азбайды деген, Қостанайдағы баласының үйіне қонаққа келген Тоқмырза ағайды да бірнеше рет көрсеттім. "Сосновый бор" шипажайында демалып жатқан Кеңесбек пен Ғалымды да апардым. Қарабас бабаға арнаған ескерткіш үш айдан кейін дайын болды.

Баба ескерткішінің астыңғы жағы ақ мәрмәрде, үстіңгі жағы гранитпен өрілді. Формасы да ұнады. Не керек, ойлаған ойымның іске асқанына қуандым.

Ескерткішті машинаға тиеп алып Бестөбе ауылындағы үйге барып қондық. Жанымда адамдар бар. Әсіресе, Орынтайдың туысы Оралтай Мұқашев көп көмектесті. Көлікке тиеу, жанар-жағар

майын құю тәрізді жұмыстар соның мойнында. Атқарған ісі Алладан қайтсын!

Үйге қонғанның ертеңіне інім Оразғали қой сойып, құран оқытты. Ауыл ақсақалдарын шақырып, батасын алдық. Сөйтіп, Шақшақ Жәнібек ауылына жүріп кеттік.

Қара жолдың үстінде келе жатып баяғы Дина бақсының Қарабас бабаның аруағымен сөйлескендегі айтқан әңгімесін ойға оралттым. Өйткені, сол жолы ескерткішті қай жерге қою ке-



ректігі туралы айтылған болатын (Бұл туралы Қасымбек Әбдірахманұлы "Әдептен озбайық" деген мақаласында толық жазған еді): "Ал сүйінші! Сіздердің дегендеріңіз болды, ата Арғынмын! Көшейұлы Қарабасын! 1647 жылы туғанмын, 1743 жылы дүниеден өттім деп тұр. Қасымда Бибігүл есімді қызым бар, 63 жасында қайтыс болған. Басыма қойылған құлпытасым әлдеқашан жер астына көміліп қалған. Аршып әуре болмаңдар, соңғы қойған тастарың жарайды. Басыма там салып та керегі жоқ. Айналам толған өлген адам сүйектері, әруақтарын қозғамаңдар! Мына Мыңжасар деген белгіні қойған адамдар адасып жүр. Ол бұл жерде жоқ. Ырғыз жағында биік төбенің басында жатыр. Ал маған ескерткіш қоямын десеңдер өмір сүрген жеріме қойыңдар. Қайдан да болса батамды беремін" — деген хабар алдық деді.

Жалпы, Қарабас бабамыз ғана емес, қазақтың барша әулие-әмбиелері мен батырларына қатысты өкінішті нәрсе — олардың өміріне қатысты жазба деректердің жоқтығы, бар болса, жетімсіздігі. кеуделері алтын сандық шежіреші кісілердің азайып бара жатқандығы қынжылтады.

Бүгінде Қарабас ұрпақтарынан шежірені жыр қып шертетін Еріш пен Рамазан сияқты үлкен кісілер жоқтың қасы. Елдің есінде қалған аңыз бойынша, Шақшақ Жәнібек ауылынан жиырма екі шақырым жерде Қарсақбасы шыңы бар, сол шыңның маңындағы Айнакөл, Қаракөл деп аталатын екі көлдің жағасы Қарабас бабамыздың ата қонысы болған. Бірде қалмақтар қазақтың жеріне кіріп кетіп, үлкен дау туады. Ақыры мынадай шешімге келеді: екі жақтан екі әйелді күреске шығарайық, қай жақ жеңсе, жер соған қалсын дейді. Күрес шыңның басында болады. Сол жолы Қарабас бабаның қызы Қарсақ жеңіске жетеді. Жеңіп қана қоймай, қалмақ жағынан шыққан адамның жасанды шашын сыпырып алып, "Әйел болып келіп едің, еркек қылып жіберейін" деп ұятқа қалдырады. Сөйтсе, қалмақтар ер адамды әйелше киіндіріп шығарған екен. Ұялғандарынан жерді босатып, жөндеріне кеткен екен.

Міне, сол жер қайсар қыздың құрметіне Қарсақбасы шыңы деп аталыпты. Бабамыз шыңның басына шығып, қарауыл қарайды екен. Қарсақбасы мен баба зиратының арақашықтығы 120 шақырымдай.

Қарабас тоқсаннан асып қайтыпты. Ол кісінің бұл дүниеден озғаны да аңызға бергісіз. "Екінің бірі үйде отырып өледі, ал менің Қарабас атағым бар, қайткенде жаудың қолынан өлуім керек" — деп, жаушапты дегенде атқа мініп, қарсы шапқан екен. Бұл дүниеден озған уақыты қозы күзем кезі деп отыратын көнекөз

қариялар.

Сонымен, ескерткішті Қарсақбасы шыңына апарып қою керек деген шешімге келдік. Қарабас бабаның ұрпақтары да осы ойымды құптап, ризашылықтарын білдірді. Әсіресе, Астанадағы туыстардың барлығы хабарласып, сол Қарсақбасыға орнатуымды өтінді. Сөйтіп, 2014 жылы қыркүйек айында зәулім белгі қойдық. Тұғыр тасты көтеруге Қарабас ұрпақтары тайлы-таяғы қалмай жиналып, қол ұшын берді. Осы шараны ұйымдастыруға Ақшығанақ ауылдық ок-

ругінің әкімі Бақытжан Торбаев көп еңбек сіңіргенін айта кеткен жөн. Сол жерде қой сойылып, құран оқылды.

Қарабас Бабаның ұрпақтарының алдындағы парызының тағы бір тармағы, оған ескерткіш орнату еді, оны орындадық, енді алдымызда ескерткіштің ресми түрде ашылу салтанаты тұрды...

## 3. "ӨЛІ РАЗЫ БОЛМАЙ, ТІРІ БАЙЫМАЙДЫ"

Ескерткішті тұрғызуын тұрғызғанмен, енді оның ашылу салтанаты мен ас беру рәсімі кешігіңкіреді. Адамды тұрмыс билейді емес пе...

Не керек, Қарабас баба ұрпақтары бас қосқан бір жиында, ескерткіштің ашылуы мен ас беруді қыркүйек айының жиырмасына белгіледік. Соған сәйкес дайындық жұмыстарына кірістік.

Аманкелді ауданының ІІБ басшысы болған Айбат Қабажәев Ақшығанақ ауылында Қарабас бабаға арнап ас беріліп, ат жарыс өтетіндігін облыстан тысқары өңірлерге де хабарлапты.

Бабаға арналған ескерткіштің ашылу салтанатына алыстан арнайы келген ұрпақтарымен қатар, қонақтар да болды. Олардың арасында Жанкелдин ауданының әкімі Асқарбек Кенжеғарин, ҚР Ұлттық банкінің бірінші төрағасы Ғалым Байназаров, банк саласының ардагері Кеңесбек Мәулетов, жазушы, ардагер ұстаз Тоқмырза Нұртазин, белгілі ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы, байырғы ішкі істер қызметкері, полковник Алдаберген Ибрагимұлы, заңгер Қуантай Шынтеміров, құрылыс саласының ардагері Саду Шайкентұлы, облыстық көз ауруханасының бас дәрігері Шыңғыс Жүсіпов, "Бестөбе" ЖШС-нің директоры Оразғали Зейнелұлы т.б. бар.

Ескерткішті ашу рәсімін Қарабас баба ұрпағының өкілдері Тоқмырза Нұртазин мен Кеңесбек Мәулетов, аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин үшеуі атқарды. Асқа жиналған барша жамағат баба ескерткішіне тағзым етті. Ел ағалары тебірене сөйледі. Ақындар жүрекжарды жырларын арнады.

Салтанатты шара аяқталған соң Қарабас бабаға арнап құран оқылды. Ескерткіштің жанына Бек, Шыңғыс, Оразғалилар Бестөбеден ала келген сегіз қанат киіз үй тігілді. Соның ішінде арнайы қой сойылып, ас берілді.

Қарсақбасы шыңында өткен іс-шарадан кейін Ақшығанақ ауылындағы кафеде дастархан жайылды. Үлкен дәм үстінде ауыл ақсақалдары мен келген қонақтарға сый-сияпаттар жасалды. Астан соң мешітке барып, барша әруақтарға, Қарабас бабаға арнап құран оқытылды, садақа берілді.

Мешіттен шыққан соң ат жарысты

көрдік. Ат бәйгесі десе бір орында тұра алмайтын қазақ емеспіз бе. Біз аламан бәйгенің үстінен түстік. Құйрық-жалы таралған өңкей сұлу сәйгүліктер артынан көкшулан шаң қалдырып, көз ұшында жүйткіп барады. Аламан бәйге, тоқ бәйге және ауыл жастарының тай бәйгесінің әрқайсысына үш түрлі жүлде тағайындалды. Бас бәйгеге Жүсіповтер әулеті "Нива" автокөлігін тікті, ал біздің достарымыз жомарттық танытып, тоқ бәйгенің жүлдесіне "Лада Калина" жеңіл автокөлігін қойды.

Аламан бәйгеге тігілген жеңіл көлік Астанада келген шабандозға бұйырды. Тоқ бәйгенің жүлдесін Таран ауданынан келген шабандоз жеңіп алды. Тұлпарлары құйрық тістесіп, екінші келгендерге ақшалай сыйлық берілді. Ауыл жастарының тай бәйгесіне де ақшалай сыйлық үлестірдік. Бәйгеге Астана қаласы, Ақтөбе облысының Темір, Әйтеке би, Алға, Шалқар аудандарынан, Қостанай қаласы, Таран ауданы, Қызылорда қаласы, Қазалы ауданы, Бейнеу, Жосалы, Торғай, Көкәлат, Шилі, Шеген, Ақшығанақ, тіпті Ресейдің Магнитогорск қаласынан келген сәйгүліктер қатысты.

Бұл кезде мектеп жанындағы алаңда волейбол ойыны қыза түскен. Ақшығанақ ауылының жастары мен жергілікті мектеп оқушыларының арасындағы кездесу тартысты өтті. Қос қарсылас арасындағы матчқа Шүкіров Сабыржанның баласы Бауыржан мен Саду баласы Берік жетекшілік етті. Мұнда да жеңімпаздарға сыйлықтар үлестіріліп, жастар риза болып тарады.

Қысқасы не керек, Қарабас бабамыздың тойы жоғары деңгейде өткеніне ешкімнің күмәні жоқ. "Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз жігіт қорған болмас" дегендей, ескерткішті жалғыз өзім орнаттым демеймін, ол көптеген достардың, таныстардың көмегінің арқасында ғана жүзеге асты. Бүкіл туған-туыс қаражат жағынан көмектесті.

Осы мақаланың ішінде олардың қандай көмек бергені жазылды. Сол азаматтарға "Қостанай таңы" газеті арқылы өз атымен рахмет айтпақшымын. Алдымен Қарабас бабаның зиратын тауып бергені үшін Дина бақсыға Алланың рахман нұры жаусын! Екіншіден, Қостанай облыстық прокурорының орынбасары Серік Әбденовке (бұрынғы фамилиясы Сосаев) айтар алғысым шексіз. Сондай-ақ, Әйтеке би ауданының молдасы Әбдіраш Дүйсеновке, қарт зейнеткер Әбсұлтан Әбішовке, кезінде Ақтөбедегі музей үйін басқарған зейнеткер Рысжан апайға, «Сарыбұлақ» ауылының тұрғыны Оразалы Толыбековке, «Басқұдық» ауылының әкімі болған Темірбекке, «Псков» ауылында тұратын Оразхан жиенге, Әйтеке би ауданының әкімі Есімхан Қалмағамбетұлына атқарған істері сауаптан болсын дегіміз келеді. Жанкелдин ауданының әкімі Асқарбек Кенжеғаринге, "Ақкөл" ЖШС-нің директоры Асқар Ахметжановке, Ақшығанақ селолық округінің әкімі Бақытжан Торбаевқа, сол кездегі Аманкелді ауданының ІІБ-нің басшысы болған Айбат Қабажәевқа ағалық ризашылығымды білдіремін.

Қорыта айтқанда, дүбірлі дүниенің бір күндей болмай өте шығатынына талайлардың көзі жеткен. Осы бір қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырды әркім өзінше өткізуге тырысады. Біреу өзінің қара басының қамын күйттеумен жүріп, ақыры бұл өмірдің мәні мен мағынасы не деген сұраққа жауап бере алмай өтеді. «Сен неге өмірдің мәнін терең түсінбейсің?» деп оған кінә тағудың өзі де қиын. Әркім өзінің білгенінше, таным-түйсігі жеткен жерге қонақ болады.

Ал, мен осылардың бәрін біле тұрып, өмірдің мәні мен мағынасының бір бөлігі — ата-баба аруағын құрметтеу, өмірден өткендерді еске алып, парызымды өтеу керек деп түсінемін!

**Бек Зейнелұлы.**

Қостанай қаласы.

**СУРЕТТЕРДЕ: Қарабас әулиеге ескерткіш қою шарасынан көріністер. (Суреттер автордың жеке мұрағатынан алынды).**

**Дайындаған Әлібек ЫБЫРАЕВ.**

**Жобаның жетекшісі  
Сәлім МЕНДІБАЙ.**

## ● ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛДАУЫ



Руслан  
ӘЛКЕЕВ

Сарыкөл аудандық әкімдігінің жүргізген жылдық қорытындысында 13 округтің ішінде Барвинов ауылы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші бойынша екінші тұғырға тұрақтады. Осы орайда округ әкімі Орал Жанбалтинмен сұхбаттасудың сәті түскен еді...

— Орал Қалабайұлы, өзіңіз жақсы білесіз, ең өзекті мәселе — әлеуметтің әлеуеті. Ауыл халқының хал-ахуалы қалай?

— Былтырғы жылдың қорытындысын алға тартар болсам, ауылдың ахуалы тұрақты деуге толық негіз бар. Жыл сайынғы жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстар нәтижесі — Барвиновтың бағын жандырып, берекесін арттыруда. Бүгінде мұнда барлық елді мекендерді қосқанда, 1403 адам тұрады. Солардың 1306-сы ауыл орталығының тұрғындары. Бір қуантатыны, бізде былтыр бос жүргендер болған жоқ. 868 адам тұрақты түрде еңбек етсе, ал қалғаны қалтасына қолын салып, үйде құр отырмай, азын-аулақ болса да мал мен құс ұстап, ешкімге алақан жаймай өз күндерін өздері көруде.

— Ауылдың басты саласы — егін және мал шаруашылығы. Осылар туралы ой қозғасаңыз?

— Бүгінде ауылдың шаруашылығы алға басып келеді. Жеті шаруа қожалығы, бес жеке кәсіпкер бар. Дикандарымыз дөңді-дақылдарды уақытында егіп және оны жинап алуды дәстүрге айналдырған. Былтырғы жылы қиындыққа белшемізден батқанмен, гектарына 16 центнерден өнім алып, барлығы 51,120 тонна астық жинадық. Ал, мал шаруашылығының да маңызын жақсы білетін шаруаларымыздың арқасында ауылда 673 ірі қара, 159 жылқы, 631 қой өсірілуде. Сондай-ақ, 973 шошқа және құстар да бар.

# "НҰРЛЫ ЖОЛ" бағытымызға бастау болмақ"

— дейді Барвинов ауылының әкімі  
Орал Жанбалтин

— Мемлекеттік бағдарламалар барысы мен кәсіпкерлердің табысы қалай?

— Дәл қазір, мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, бағын сынағандар мейлінше болмағанымен, түптің түбінде бұл межеге жететініміз анық. Ауылдың кәсіпкерлері "Жұмыспен қамту жол картасы—2020" және "Сыбаға" сынды бағдарламалардың барысын бақылап, табысын табуда. Соңғы жылда әлгі жобалар аясында 4 адам несие алып, мал басын ұлғайтып, шатқаяқтаған шаруаларының шарапатын көруде. Олардың бірі мал сою алаңын ашса, енді бірі ағаш өңдейтін цех, ал қалған екеуі жылқы шаруашылығын қолға алды. "Сыбағаның да" сыбағасын көріп жатқандар жоқ емес. Осы жылы Ю.М.Семьянский "Сыбаға", "Алтын асық", "Құлан" бағдарламаларына қатысып, бағын сынап, бабын бақылап көрмек. Күні кеше оған қажет кепіл затын анықтап, құжаттарын да дайындауда. Ал, мал өсіріп, көл-көсір өнім көргісі келетін тағы төрт барвиндік жұмыспен қамту бөліміне барып, бағдарламаға қатысуға өз ниеттерін білдіріп, құжаттарын тапсырып қойды. Сондай-ақ, ауылдағы белді кәсіпкер Е.Акопян талай жылдан бері егін шаруашылығын шарықта-тып отырса, өткен жылы шошқа шаруашылығының да шылбырын ұстап, оның санын жеті мыңға жеткізді. Биыл бұл көрсеткішті 10 мыңға арттыруды көздеп отыр. Барвиновтегі барлық салаға бір кісідей қолдау көрсетіп келе жатқан "Аманжол АқРо" ЖШС де көп істі тындырып жатқандығын ауыз толтырып айтуға болады.

— Ауылдағы әлеуметтік нысандардың қайсысын айырықша атап өтер едіңіз?

— Ауылда әлеуметтің әлеуеті үшін әрекет етіп отырған нысандар баршылық. "Бірінші байлық — денсаулық", — дейді дана қазағымыз. Сондықтан, алдымен, ауылдық ФАП-ты да атамасқа болмайды. Білім саласы да бірінші кезекке қоярлық мәселе. Ауылдықтардың дені білім дариясын бойға сіңіруде зор септігін тигізіп тұрған ауыл мектебімен мақтана-

ды. Халыққа тұрмысқа қажетті тауарларды қолжетімді бағамен қамтамасыз етіп тұрған 9 дүкен бар, соның 1-і әлеуметтік. Наубайхананы да нақты мысалға қосуға болады. Сондай-ақ, пошта мен кітапхананың да орны бір бөлек. Ал, алыстан "мен мұңдалап" көз тартатын, рухани ошақ — мәдениет үйінің де халыққа берері мол.

Дені сау ұрпақты қалыптастыруда спортқа дендеп көңіл бөлуіміз. Соған сәйкес спорттың түр-түрінен секциялар жұмыс істеп тұр. Бұл орайда гір спортын ерекше атап өтуге болады. Қыста хоккей алаңдары да халыққа қызмет етеді. Аталғандардың бәрі ауыл ахуалына айтарлықтай септігін тигізіп тұр.

— Жалпы, ауылда шешілуі қиын деген қандай түйінді мәселелерді айтар едіңіз?

— Қазір көкейде жүрген бір мәселе — балабақша ашу. Ауылда балабақшаны қажет етіп отырған сексенге жуық бала бар. Міне, сол үшін бөбекжай салудың бір сәті түссе дейміз. Қысқасы, жоғары жақтан қаржылай қолдау көрсетілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Осынау өзекті мәселе өз шешімін тапса, жанымыз жадырап та қалар еді...

— Сөз соңында Елбасымыздың биылғы Жолдауы жайында да өз ой-пікіріңізді білдіре кетсеңіз...

— Бүгінгі таңда Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жариялаған "Нұрлы жол — болашаққа бастар жол" атты Жолдауы бағытында еңбек етуді қолға алып жатырмыз. Алдағы уақытта ауылда мал басын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Яғни, елді мекеннің экономикасын еселей түсу біз үшін кезек күттірмес мәселе. Бар айтарым, Елбасымыздың жаңа экономикалық саясатын тек сөз жүзінде қолдап қана емес, іс жүзінде де өз үлесімізді қоссақ дейміз. Сондықтан, "Нұрлы жол" — бағытымызға бастау болмақ!

— Салиқалы сұхбатыңызға рахмет! Еселі еңбектеріңіз жеміске, төккен терлеріңіз жеңіске жеткізсін! Сарыкөл ауданы.

## Мерекелік медаль туралы жарлыққа қол қойды

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнінің 70 жылдығы құрметіне арналған бірыңғай мерекелік медаль туралы Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнінің 70 жылдығы құрметіне, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, қаһармандығы мен қайсарлығына терең құрмет көрсете отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл" бірыңғай мерекелік медалімен наградтау қағидалары (бұдан әрі — Қағидалар) бекітілсін.

2. Қағидаларға сәйкес "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл" бірыңғай мерекелік медалімен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері мен өзге де адамдар наградталсын.

3. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, делінген жарлықта.

## Тәртіп сақшыларының бастамасы

Полицейлер Қостанай қаласындағы бір көшеге генерал Самат Бәкіровтің есімін беру туралы бастама көтерді. Облыстың ішкі істер департаменті бастамасымен ардагерлер кеңесі қалалық әкімдікке осындай ұсыныс түсірді.

Ұлы Отан соғысының ардагері милиция генерал-майоры Самат Смағұлұлы Бәкіров ішкі істер органдарында 47 жыл еңбек етті. Оның есімі Ішкі істер министрлігі және біздің өлкеміздің тарихымен тығыз байланысты, Қостанайда ол 16 жылдан астам қызмет еткен болатын. Оның қызметке деген адалдығы, еңбек жолы кез келген полицией үшін үлгі-өнеге болары анық. Ол еңбек ардагері, ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері және Қостанай қаласының құрметті азаматы атанған абзал жан.

Самат Смағұлұлы 1925 жылдың 15 қыркүйегінде Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1941 жылдың аяғында педучилищенің үшінші курс студенттері селолық мектептерге жібереді, сөйтіп Самат мұғалім болып істейді. Алайда, болашақ генералдың өмірін соғыс басқа арнаға бұрды. Жасы 17-ге енді толған Самат әскери комиссариатқа күнде келіп, еріктілер қатарында майданға жіберуді сұрады. Батыл да қайсар бозбала дегеніне жетіп, 1942 жылы майданға аттанды. Соғыс біткен соң ол милицияға қызметке кірді. Әртүрлі лауазымдарды атқарып, аябай еңбек етті. 1974-1990 жылдар аралығында Қостанай облыстық ішкі істер басқармасын басқарды. Көпке сыйлы болып, абырой-атаққа бөленді.

Генерал Бәкіров 2005 жылы 79 жасында дүниеден озды. Оның өмірі тұтас бір дәуір. Генералдың есімін есте сақтау мақсатында Қостанайда тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды. "Сосновый бордағы" балалардың демалыс лагеріне есімі берілді. Енді Қостанайдағы бір көшеге аты берілсе, бұл генералға деген ел құрметінің белгісі болар еді.



## Шаруашылығын нығайтпақ

Руслан  
ӘЛКЕЕВ

Кәсібінің көкжиегін кеңейтуді көздеген красназнамендік Гүлжазира Гумматова "Жұмыспен қамту жол картасы—2020" мемлекеттік бағдарламасына бағын сынап, мемлекет қолдауынан құр алақан қалмады.

Гүлжазира Жақыпқызы — 1 млн. 400 мың теңге несие алып, мал шаруашылығын жандандырды. Яғни, 1 бұқа, 2 ірі қара мен 5 төл сатып алды. Бүгінде өз кәсіптерін бала-шағасымен бірге кеңейтіп, кәсіптерін дөңгелентіп отырған бұл отбасының мал шаруашылығымен айналысқанына 5 жылдың жүзі болыпты.

— Дәл осындай, қолайлы бағдарламаның болуы — ауылдық жерде шаруашылықты шарықтатуға мол мүмкіндік береді. Осы несиемнен құтылған соң, техникаға арналған бағдарламаға қатыспақ ниет-темін. Себебі, ауыл шаруашылығымен айналысқан адамға техника да ауадай қажет, — дейді шаруа қожалығының басшысы Г.Гумматова.

Жалпы, аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Сәния Раисованың айтуынша, өткен жылы өңірде аталмыш бағдарламаның "Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу" деп аталатын екінші бағыты бойынша құжат тапсырғандардың саны 23 адамды құрап, жалпы сомасы 42 млн.730 мың теңге көлемінде үлестік несие берілген.

Жыл сайын Сарыкөлде мемлекет қол-



дауын сезінген Гүлжазира тәрізді кәсіпкерлердің саны биыл бұдан да көбейеді деп күтілуде.

Сарыкөл ауданы.

## ● НӨМІРДЕН-НӨМІРГЕ

ҰЛЫ ЖЕҢІС – 70

## ● ЧЕКИСТ ЖАЗБАЛАРЫ

ӨЛІП ТІРІЛГЕН  
АДАМ

## Ғалихан МӘУЛЕТОВ

(Соңы. Басы газеттің өткен сандарында).

Сенімді тұлға арқылы бұл үйге келгіш бір адам анықталады. Ол оның көршісі, пысық мінезді, жақын мектепте еңбек пәнінен сабақ беретін Коробко Николай Павлович /аты, жөні өзгертілген/ деген кісі болып шығыпты. Ол Рвановичке үйінің есік-көсігін, жиһазын жөндеу сияқты көмегін тиізіп тұрады екен. Әйелі Надежда, мектеп жасындағы екі қызы бар бұл кісі бір қарағанға онша күдік туғызбай, оның сенімді көршісі болып кеткен екен. Бірақ та, Павел Васильевич бұл кісінің сөз байлығы аз дау екенін және сөз арасында жаргон сөздерді ара-тұра қолданып қоятынын аңғарып, оның туған жеріне сауал жолдайды. Жауапта Коробко туғаннан керең-мылқау, кісімен тек сурдоаудармашы арқылы ғана сөйлесе алады және де ол 1953 жылы Қыыр Шығыстан келе жатқанда пойызда жеке құжаттарын ұрлап алған деген жауап келеді.

Сонымен, тексеруші, Коробко басқа біреудің атын жамылып жүрген кісі деген тұжырымға келеді.

Басқа да ақпараттарға сүйене отырып, Даченко еңбекпен түзеу мекемесіне сауал жолдап, Коробконың фотосын оперативтік тануға ұсынуды сұрайды. Осындай оперативтік жұмыстардың арқасында тергелуші кісіміздің аты-жөні Бондарь Александр Эдуардович, 1941 жылы туған, жасанды құжат және бірнеше рет ұрлық жасағаны үшін талай сотталған, соңғы рет Барнаул қаласындағы еңбекпен түзеу мекемесінен қашып шыққаны және ол іздестіруде екені туралы хабарлапты. Тиісті органдарға сауалдар жолдаудың арқасында Бондарьдың әкесі Эдуард, 1941 жылы Мәскеуден Новороссийск қаласына немістер бұл қаланы басып алған жағдайда, басқыншыларға қарсы жұмыс ұйымдастыру үшін жіберілген чекист екен. Сол жылдың маусым айының 22-23 кезінде Тихорецкая стансасының маңайында Шығысқа көшірілген тұрғындар тиелген шешелонға неміс ұшақтары шабуыл жасайды. Ата-анасы, ағасы мен апасынан айрылған он бір жастағы Сашаны кейін, елдің тылына шегініп бара жатқан босқындар ертіп ала кетеді. Сөйтіп ол, стансадан стансаға, қаладан қалаға, беті ауған жаққа жүре беруге мәжбүр болады.

Саша жас кезінен-ақ сурет салуға құштар болыпты,

қарындашпен, кейіннен қыл қаламмен көз тартатын суреттер салу, салынған суретті түзету, өңдеу сияқты жұмыстармен айналысыпты. Ол тіпті жасанды құжат бланкілерін, мөрлерді қолдан істеп шығара беретін болған. Бірақ, оның басты кәсібі қалтаман, қалтаға түскіш, ақыр аяғы түрмеге әкеліп тоқталады. Жазасын өтеп жүріп лагерьде ол орта мектепті тәмамдайды. Сәті түскен бір күндері ол бұл орыннан қашып шығады. Жоғары көз қаперінің арқасында Хабаровск-Мәскеу пойызында бір жолаушының қалтасынан құжаттарын ұрлап алған ол, төлқұжаттағы суретке басылған мөр табанын түзетіп, Коробко болып шыға келеді. Содан кейін ол екі балалы әйелге үйленіп, Қостанай қаласындағы бір орта мектепте еңбек пәнінен сабақ беріп жатады. Сашаның туған туыстары хабар ошарсыз кетеді, тек әкесі 1942 жылы Новороссийск қаласында неміс жансызының сатқындығынан ұсталып, немістер чекист ретінде оны атып тастайды. Бұл оның қиын тағдыры еді.

Рвановичті тексеру үшін бір мәрте Бондарьдың көмегіне жүгіну туралы шешім қабылданады.

1955 жылдың шілде айында Павел Васильевич батыл бір іс-әрекетке барады. Ол Бондарьды кеңсеге шақыртып алып, оны әшкерлейтін фактілерді келтіріп, ашық өңгімелеседі. Әкесінің жақсы чекист болып, Отан үшін жанын қиғаны туралы да айтылады.

Манадан бері тістене сөйлеп отырған кісінің, бір сәтте бетінің реңі, дауысы өзгеріп:

– Сіз мен туралы бәрін білесіз бе? – деп басқаша сөйлесе бастайды.

– Иә, Александр Эдуардович, сенің бүлінген тағдырыңды жақсы білеміз. Ал, қазір саған келіп отырған шаруам басқа. Сен өзіңмен араласып жүрген Рвановичтің кім екенін анықтауға біздің органға көмектес, әрине, бұл туралы үшінші адам білуге тиіс емес, – деп ескертеді Даченко.

Бондарь әбігерленіп:

– Мені тұтқындап, қайта сол лагеріме жібермейсіңдер ме? – деп сұрайды.

– Жоқ, Александр Эдуардович, біріншіден, сен біздің тапсырмамызды орында, ал қалғанын біз реттейміз, – дейді.

Сонымен, әке-шешеден жастайынан айрылып, ұрлықпен, алаяқтықпен айналысып күн көрген бейбақ, өмірінде бірінші рет өзіне деген адамгершілікті сезінеді.

Берілген тапсырмаларды ол мүлтіксіз орындап тұрады. Бондарьдың көмегімен Рвановичтің сақтап отырған фотосуретінің екінші жартысы суретке түсіріліп алынады. Орталық бұл суретті Рвановичтің Кубадағы ағасында сақтаулы фотоның екінші жартысы екенін растайды. Сонымен, біз ЦРУ-дың әдейі дайындығын өтіп, кез келген уақытта, соның тапсырмасын орындауға дайын отырған агентін анықтадық. Ол қылмыстық жауапқа тартылып, тиісті жазасын алды.

Ал, сенімді тұлғамыз Қостанай облыстық МҚК басқармасының бастығы полковник И.И. Петровичтің көмегінің арқасында өзінің шынайы атына төлқұжат алыпты. Бастапқыда ол әкесінің қайтыс болған қаласы Новороссийскіге қоныс аударады, соңынан Мәскеу қаласына келіп, онда көркемөнер училищесіне түсіп, оны жемісті аяқтап, соңынан білімін әрі қарай жалғастырады.

Өмірде осындай тамаша адаммен кездесіп, соның арқасында тағдырының күрт өзгергеніне риза Бондарь, Павел Васильевичті туған күнімен, мейрамдармен телефон арқылы құттықтап, амандығын біліп тұратын көрінеді. Қарт чекистің үйінің төрінде ілулі тұрған майлы бояумен салынған көзтартар сурет осы Бондарьдың қылқаламынан шыққан еңбек екен.

Ал Павел Васильевич болса, Бондарь Александр Эдуардовичтің дұрыс жолға түсіп, адам болып кетуіне менің де үлесім бар, – деп өткенді ризашылық сезіммен есіне алады.

Бұл қарт чекистің ұзақ өңгімелерінің тек бір-екі эпизоды ғана.

Соғыс жылдары "Харьков" дивизиясы құрамындағы кіші командир Даченко көптеген елді мекендерімізді айтағанда, Румыния, Венгрия Чехословакия, Австрия жерлерін жаудан құтқаруда талай ерліктер көрсетті, екі рет ауыр жарақаттанып контузия да алды.

ҰОС және соғыстан кейінгі мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі еңбегі үшін ол біраз мақтау парақтарын айтағанда, екінші дәрежелі "Отан соғысы" ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2013 жылы "Ерен еңбегі үшін" медалімен марапатталды.

Тоқсан жастағы қарияның ой тұжырымы жақсы, денесі ширақ, оны мектеп оқушылары арасынан, басқа да жиындардан жиі көруге болады.

Қостанай қаласы.

"Алтынсарин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі, "Алтынсарин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына санаты Е-4, орналасуға конкурс жариялайды.

Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 59 578 теңгеден 80 720 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері:

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңын орындау жөніндегі аудандық іс-шаралар жоспарын жүзеге асырады, аудандық мәслихат аппаратында мемлекеттік тілдегі іс-қағаздарын, мемлекеттік тілдің сапасын, жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Барлық қажетті құжаттарды қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне аударады. Өтініш берушілерге қазақ тілінде жауап беру бағытымен қамтамасыз етеді (өтініш беруші тілінде). Мәслихат ұсынған шешім жобаларының қазақ тілінде сауатты ресімделуін тексереді, қазақ және орыс тіліндегі мәтіннің тең түпнұсқалылығына құқықтық актілер жобаларының сараптамасын жүргізеді, оларды түзетеді немесе қайта пысықтауға жібереді. Мәслихаттың барлық шешімдерін және оның хатшысының шешімдерінің қазақ және орыс тіліндегі мәтіннің түпнұсқалы болуын қамтамасыз етеді. Мәслихат хатшысы мен аппарат басшысына қызмет көрсету және олардың жұмыстарын қамтамасыз ету жөніндегі техникалық міндеттерді орындайды. Мәслихат хатшысының телефонмен сөйлесуін жедел қамтамасыз етеді. Мәслихат хатшысы болмаған жағдайда келіп түскен мәліметтерді жазып алады және хатшыға оның мазмұнын жеткізеді, мәжіліске шақырылған тұлғаларды құлақтандырады, мәслихат хатшысының тапсырмасы бойынша қызметшілерді шақырады, мәслихат хатшысы мен аппарат қызметкерлерінің іс-сапарға кеткені туралы жазып алады. Аппарат қызметкерлері мен аудандық мәслихат депутаттарының қызметтік және үйінің телефон нөмірлерінің алфавиттік немесе лауазымдық тізімін жүргізеді. Хат-хабар кірісі мен шығысын тіркеу, азаматтардың өтініштерін жазбаша және ауызша тіркеу, сонымен қатар басқа да құжаттардың тіркеу журналын жүргізеді. Хат-хабарларды белгіленген тәртіпке сәйкес тіркеуді және қабылдауды, оларды мәслихат хатшысы мен аппарат қызметкерлерінің қарауына уақытында берілуін жүзеге асырады. Қол қойылған құжаттарды мәслихат хатшысының, аппарат басшысының қарауына сәйкес, бір күн мерзімінде дайындап жеткізуді жүзеге асырады. Тіркеуге келіп түскен құжаттарды көп көшіктірмей мәслихат хатшысына береді. Қызметтік мәліметтерді басады, азаматтардың тапсырмасын, хаттарын, шағымдарын орындау мерзімін сақтау туралы мәслихат хатшысын үнемі ақпараттандырады. ААЖ ЖТББ жеке және заңды тұлғалардың берілген өтініштерінің саны туралы мәліметтердің есебін әрбір тоқсан сайын айдың 1-де уақытында беруіне жауап береді. Аппарат қызметкерлерінің жұмысқа шығу тізімдігін жүргізеді. Орындалған істерді номенклатураға сәйкес қалыптастырады, оларды тізімге сәйкес мұрағатта сақтайды. Газет-журналдарды тігуді жүргізеді. Мәслихат шешімдерінің мақсатымен уақытында жіберілуіне жауап береді. Сессия барысын мемлекеттік тілде хаттамалауды жүргізеді. "Алтынсарин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде қорғауға жататын баспа-бланкі өнімдерін есепке алуға, пайдалануға, сақтауға және жоюға жауапты.

**Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:**

Білімі: Жоғары педагогикалық, заңгерлік, мемлекеттік және жергілікті басқару, аударма ісі, экономикалық.

Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі (педагогикалық, заңгерлік, мемлекеттік және жергілікті басқару, аударма ісі, экономикалық) барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалар-

дың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси стратегиясы бағытын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 069-7/32 Бұйрығымен бекітілген, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурстық комиссия құру Қағидалары негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

1) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген), нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** "Алтынсарин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин көшесі, 4, анықтама телефоны: (8-714-45) 34-2-57, факс 34-1-65, электрондық пошта: E-mail: altyntmaslihat@mail.ru.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын көшіктірмей ұсынады.

Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны осы өңгімелесуге жіберілгені туралы хабарлама алған күнінен бастап **5 жұмыс күнінің ішінде** "Алтынсарин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін көшіктірмей "Алтынсарин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің кадр қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар "Алтынсарин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (өңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.



# Шұғаның белгісі

## әдебиет пен өнер

### Қыс айшықтары

Азынаған қыс мынау,  
Суығын сездім ызғардың.  
Шөптер таққан ақ қырау,  
Сырғасындай қыздардың.

Ақ патсайы көрпелер,  
Жамылғысы жерімнің.  
Әдемі, жылтыр сүңгілер,  
Шолпысындай келіннің.

Экватордан өріге,  
Жылыстайды күн ұзап.  
Жылтылдайды мұз міне,  
Сырғып тұрған бір сынап.

Қалың, үлкен ақ тұман,  
Үйге тұтқан пердедей.  
Жасырынбақ ойнаған,  
Күн тасалап көрінбей.

Джаз ба, рок па азынап,  
Саз ойнарлар түнімен.  
Тыңдайды ұйып атырап,  
Қараңғыда мүлгіген.

**Елемес СЕРІКБАЕВ.**

Рудный қаласы

### Жетім бақ

Сен кеткенсің,  
Дендеген дертім қалған,  
Еліктей қыз, қайдасың еркімді алған?  
Мен тұрған маң мұңыма масаңданып,  
Салтанатын табатын сен тұрған маң.  
Жеңілтек жел басылмас желігі ептеп,  
Жаныңды жүруші еді төңіректеп.  
Сағасынан үзілген жапырақ та,  
Аяғыңа құлайтын еңіреп кеп.  
Сығып алып көз жасын сыралғы бақ,  
Біз жоқпыз ғой...  
Булығып тұрар жылап.  
Барар едім... бетім жоқ,  
Сыртта жүрем  
Жалғыздықты жаныма сыңар ғып ап.  
Біз сондаймыз,  
Сезімге сараң жанбыз,  
Мен де кетем,  
Жетім бақ қалар жалғыз.  
Жолыңды қарамауға серт еткенмін,  
Жанымды жаралауға жаралған қыз.  
Естимісің?!

**Наурызбек САРШАЕВ.**

### Бүгінгі "Құнанбайлар"...

Шындықты шын еститін  
тапшы құлақ,  
Әрине сөзім жатпас  
нәпсіге ұнап...  
Құнанбай қанша жаман  
көрінгенмен,  
Бүгінгі Құнанбайдан  
жақсы бірақ!

Азайды имандысы  
құранды ойлар?  
Десе де пенде жолын  
күмән байлар!  
"Тәкие" салдырыпты  
Мекке асып,  
Кешегі бай дәулетті  
Құнанбайлар!

Осындай игі іспенен  
бақ табады,  
Дүние қоңыздықтан  
сақтанады!  
Бүгінгі Құнанбайлар  
керісінше,  
Сауна, кафе салып мақтанады!

Шынымен ашынамын  
бұл кезге мен,

Ешқандай қайыр күтпес  
жұрт өзгеден!  
Бұл күнде екі көзі сау  
Құнанбай,  
Қарамас кедейге де  
бір көзбенен!

Осы бір қылықтарын  
құп алмаймын,  
Бірақ та бұлар емес  
қылар қайғым!  
Бүгінгі байекештің  
миллион көзі,  
Жетпейді бір көзіне  
Құнанбайдың!

### Ей, өмір, үнсіз қалма!

Таңданам бақытты жан,  
мұңсыздарға,  
Ей, Өмір, үнсіз жатпа,  
үнсіз қалма...  
Қаңғып бір өліп кетсем  
айдалада,  
Аңдып тұр өлексемді  
түрсіз қарға!

Қойдың ғой таластырып  
құзғынменен,  
Неліктен айтшы Үміт үздің



менен?  
Намысшыл қатып қалған  
жігіт едім,...  
Еркелеп құшағыңда  
қыз күлмеген.

Ей, өмір, тастадың ба керек  
етпей?  
Басында көрініп  
ең кереметтей!  
Бақытым басқа қонып  
ұшып кетті,  
Көбелектей...

**Саят ӘБЕНОВ.**

### ФОТОЭТЮД



Фотоэтюдті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

### Алдану

Кімге өкпелеп, кімге кінә артасың,  
Саңды соғып, сабырыңды сарқасың!  
Өзіңменен өзің қалып бір ауық,  
Болмысыңның сызып көрші картасын.

Бетке басып, айта бермей бекер сын,  
Өз күнәсін әркім өзі көтерсін.  
Ар алдында айыбым жоқ деп көрші,  
Өзіңді өзің алдай алар ма екенсің?

Өз жаныңның жыр боп жүр ме қорғаны,  
Сері сезім сайқалға еріп сорлады..  
Адамдарды алдай салу тым оңай,  
Өзіңді өзің сендіре алсаң болғаны.

Үр көңілден үзілсе де күдер шын,  
Күңгірттенген көмескі ойға кім ерсін?  
Жанның жары — ары ғана екенін,  
Өзіңді өзің тапқан күні білерсің.

Қасиетті құрбан қылған күні үшін,  
Құмды құшқан көп көлшіктің бірісің.  
Жігеріңді жасыптып ап.. күмілжіп,  
Өз өзіңнен қашқан түрің құрысын!

Өкінбе,  
Көніп келем.  
Көшкен шақта күн алға,  
Уақыт сырғып мұңымды ілді мұнарға!  
Жүрегіңде жанартау боп жарылсам,  
Жанарыңнан бір тамшы жас шығарма!

Барсың.. Жоқсың.. бұлдыр-бұлдыр бірдеңе,  
Қиялыңда ғажап өмір сүр деме.  
Үлбіреген үмітімнің соңғысын,  
Үп еткен жел үзіп кетсе,  
Үндеме!

Ілгері озған ілесе алмай нөпірге,  
Дел-сал болсаң дүлей дауыл өтінде!  
Өткен күннің өзекті өртер елесі,  
Өміріңді өрт қып кетсе,  
Өкінбе!

Жылы жүрек жасқа оранды.. мұз дене,  
Жақын жүріп жат боп кеттік біз неге?  
Көк тәңірі қолын созып бір күні,  
Көк әлемге алып кетсе,  
Іздеме!

**Салтанат СМАҒҰЛОВА.**

Біздің үйде сағаттың бірнеше түрі бар. Соның біразы ескіден келе жатқан сағаттар екен. Оларды лақтырып тастайтындай көптен қалып бара жатқан жоқ. Бірінің сыртындағы көздің жауын алатын қанық бояуы кете бастаған болса, бірінің кілтін бұрап қойсаң да уақытты кешірек көрсететін марғау жүрісті, тағы бірінің оятқышы істен шыққан дегендей. Олардың, осы сағаттардың әрқайсысының өмірбаяны, өлшеулі ғұмыры, тарихы бар. Мысалы, анау қабырада ілулі тұрған қоңыр сағатты атам мектептен ала келген. Оны оған балалар және мейрамына сыйлаған болатын. Тілі, сандары темір, ағаштан жасалған сағаттың бетіне жылтыр лак жағылған, өзі өте сәнді. Қарапайым да болса сәнді көрінетін жұқаппа келген, сүйкімді қоңыр сағат. Өмірбаянына келсек, пәлен-түген дей алмаймын, мен не біледі дейсіздер, мен ол кезде көшедегі қақтың суын шеті кетік болған соң есептен шығарылған кеселерге құйып өткен-кеткенге шай беріп, мақтау естіп, бата алып, соған танауым делдініп жүгіріп жүрген кішкене қара қыз болатынмын.

Әйтсе де, білуімше, бұл сағаттың өмірбаянының ең бір жемісті жылдары біздің үйде өтумен келеді. Себебі, оған дейін ол қорашада тып-тынып ұйықтап жатқан болатын. Жүрмейтін. Мұнда келген соң атам оны өзі әспеттеп, өз қолымен жөнге келтірді: батареясын салды, тілін анық уақытқа келтіріп қойды, сонан соң сағаттың сыртында ала жөнелген-тін. Оның алтын өмірі атам бар кезде болды: небір ақылғой адамдар, ақ кимешекті әкейлер, сәлемшіл жастар да, туыстар, көршілер, таныстар бәрі-бәрі атама жиі келетін. Бірі бұйымтайын айта келсе, бірі ауыл-аймақтағы бір мәселе туралы ақылдасуға, тағы біреуі жай ғана амандық білуге, енді бірі шағымданып, біраз мұңын айтып жеңілдеп қалу үшін келетін. Қоңыр сағат соның бәріне куә болатын. Оның жүрегі — тілі, сыртындағы тірі екендігінің белгісі. Ол өзі үшін өмір сүреді.

Жалпы сағаттар да әр түрлі болады: даңғойы да қарапайымы да, ұстамдысы да жалқауы да, жүйрігі де болады. Ол неге олай екендігін тап басып айта алмаймын, сірә бұл оларды жасаған шеберден кеткен аз-кем жаңсақтықтан ба екен. Қоңыр сағат зат қой. Үнемі сергек, құлағы түрік, көкірегі ояу, көзі ашық үйдегі әңгімені құлағы қалт жібермейді, көзінің қиығымен кісілердің бет-әлпеттерін бір шалып қаншалықты рас-өтірік барын бағамдай қояды. Енді немене, сағаттарды соншама ақымақ деп пе едіңдер? Олар бізден ақылды. Карта ойнап жатқандардың бірін-бірі қалай алдап отырғанын, тағы сол сияқты толып жатқан іс-әрекеттерді көріп қоңыр сағат басында таң қалғаны сондай таңдайын таң еткізуді еді. Кейін оған көзі үйреніп кеткені сондай, тырс еткісі де келмейтін. Сонымен сол қоңыр сағат атам іссапарға кеткенде қатты қайғырды. Бірақ ол өмір сыртында секунд, минут... жылдар болып жалғасады. Өйткені бұл сағат қой. Оның басты міндеті де осы — уақытты көрсету, адамдарға бағдар беру. Үйреншікті

жүрісінен жаңылмай кейде жылдай ұзақ, кейде қас-қағымдай болып өтетұғын күндерді артқа тастап отырды. Енді оның бастығы әкем болды. Ол үнемі әкемді атаммен салыстырып отырады. Көңілі толмайтын. Дегенмен көңілі толатын тұстары да

ген беймағлұм жан иелері екен, гоі ештеңеге түсінбейді. Сосын амал жоқ жүрісінен жаңылмай, менің міндетім — жол жүру деп алға қарай жылжи берді.

Жақсы көретін әндері толып жатыр. Соның бірі — "пиппипп." Әсіресе уақыт туралы әндерді

заңды орнында өмір сүріп келеді.

Толып жатқан қол сағаттар бар. Менің айтайын деп отырғаным үйдегі екі сағат туралы. Дөңгелек қызыл сағат және төртбұрышты күрең сағаттар жайлы айтайын. Пәлендей алып бара

пейтін болдыңдар? деген еді. Мен қуануын қуандым, бірақ кішірек балалардың қуанғаны түк те байқалмады. Сағатты сылтауратып ұйықтап қалып жүрген бақыр басты, ши бұтты, қыл мойын піркіндер оның сырт пішінін келеке қылысты. "Жаман, доп-домалақ қой, және қып-қызыл, сағат емес доп сияқты" деп тырқыр күлісті. Обалы не керек, бұл сағат бізді біраз жерге жеткізді. Осы сағат мектепті бітіргенше оятып жүрді. Ал қоңырауы дар-дар ететін. Әрине анадай зор дауыстан тез ояна-сың. Және дағы дар-дар етеді гоі. Мысықша бір-ақ ырғып, жаудың үнін бірден өшіретінбіз. Сызыла күңіренгеннен дар-дар еткен анағұрлым сүйкімдірек, және әмірі бірден мига жетеді. Әйтпесе бақыр басымызды көтерместен біраз білімнен құр қалатын едік. Кейінірек қоңырауы істен шықты. Жөндеуге келеді ме, жоқ па білмедім. Қазір бірақ қоңырау деген мәселе емес. Еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін ұялы телефон ұстайды, тіпті ең қарапайым, ең арзанында да қоңырау бар. Осы бір ақ жүзінде қарамен сандары басылған, қызыл сағат кешегі жақсы күндердің көзі тірі куәсі, қуанышы мен қызығы мол кездің белгісі секілді. Құдды бір ол қазір де жақсы ырым, жақсылық шақырып тұратындай. Оны сандыққа салып тастауға қимадым, ара-тұра кілтін бұрап қойса болғаны кінәмшіл емес. Түнде оның сырт-сырт еткені тыныштық тілі секілді. Тыныштықта да тіл болады гоі. Ол осы сағаттың сырт-сырт етіп соққаны. Сағат соғу үшін, уақытты көрсету үшін қажет. Оның басты міндеті осы. Сондықтан оны сандыққа салып қоюдың керегі не. Меніңше ол істеп тұрып емес, текке жатып тез тозатын секілді. Біздің үйдегі екі сағат осылар. Айтпақшы екеуінің де аты "Янтарь". Адамдарды да "жуан Манат", "сары Манат" деп жатады гоі. Сол секілді "қызыл Янтарь", "күрең Янтарь". Тек қызыл сағаттың аты ағылшынша жазылған, ал сандары орысша. Кімге қайсысы ұнағанын білмедім. Оны енді әркімнің өз талғамы біледі.

Менің айтпағым адам, жан-жануар түгіл заттарда да ғұмыр, тағдыр болады. Олар күтіп ұстағанды, қастерлегенді сезіп, сыйға — сый қылып жақсы қызмет етеді, бойына жағымды, жақсы қуат жинап, оны иесіне, адамдарға тарту етеді. Яғни, үстел, теледидар, компьютер, телефон, қалам, т.с.с., айтамын. Құрдастар, достар, отбасы мүшелері, мұғалімдерді ғана сыйлау, Ақтөс күшік пен Барыс мысыққа ғана жақсы қарау аздық етеді. Сондықтан, балалар, мұны әркімнің ақыл-парасатының тереңдігіне қалдырамын. Сендерге пікірталас үшін сұрақ: уақытты алдау мүмкін бе? Меніңше: әрине. Уақытты да сағатты да алдауға болады. Қалай екендігін өздерің ойлап көріңдер. Жауаптың үш-төрт нұсқасы бар. Шешуін логикадан сабақ беретін апайларыңнан сұрап білулеріңе болады, олар анық біледі.

**Ділнар ДҮЙСЕНҒАЛИ.**

Мендіқара ауданы.



аз емес-тін. "Е-е сен де кең пейілді екенсің гоі, мен сені сараң деп жүрсем". "Не деген балажан неме едің", "Ойпырмай неткен күлкілі едіңдер, шырақтарым-ай...". Бұл қоңыр сағаттың байламдары. Ол өзі қарт сағат қой, сондықтан шалдарша ойлайды. Білмеуші ме едіңдер, сағаттардың өмірі адамдардыкіне қарағанда қысқарақ қой. Сондықтан атам алып келгенде қорабында ұйықтап жатқан бала сағат тез есейді. Сол кезде қырыққа жақындаған әкеме "балам" деуі сондықтан. Өткен ғасыр, көпкең жылдар жәдігер секілді болып көнерген бұйымдар арқылы да сыр шертеді, тек оны ұғар сана, естір құлақ болсын, балалар. Қазір қоңыр сағат ағамның үйінде тіршілігін жалғастырып жатыр. Енді ол оны әкеммен салыстырады. "Құдая тоба, заман не болып бара жатыр, жастар ерте есейген бе" дейді оны әкеммен салыстырып отырып. Сағаттың маңында талай сырлар шертілді, бұл көбінесе үйге қонаққа келген келіншектердің, балалардың күлкілі яки күпия әңгімелері. Төр бөлмеде ілулі тұрып, соның бәрін естіген қарт сағат үнемі таң қалудан танбай келеді, "көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра деген осы екен гоі" дейді. Дегенмен, ата сағат қазіргі өміріне риза. Себебі, оның қазіргі бастығы өзінің иесіне, атама келеді екен, түрі де, кейбір мінездері де. Сондықтан, үйдегі жаңалықтарды жақсы білетін ол кейде бірдеңе айтқысы келіп жүрісін азайтып та, одан соң шапшаңдатып та көрді, бірақ адам де-

жақсы көреді. Неткен парасатты, ақылдылығы адамға бергісіз сағат екенін білсеңдер гоі. Тура бір қайран қалып, қабағы ашылып бар әлемді бір сәт ұмытып кетіп сахнадағы балалардың өнеріне қарап ынта-ықыласымен қадалап отыратын Шәкең жарықтықша кітапты да, өнерді де, мәдениетті де жақсы көреді. Неге дейсіңдер гоі? Неге десендер, ол төр бөлмеде ілулі тұратын. Ал онда теледидар тұратын. Теледидардан үйдегі үлкендер небір жақсы фильмдер мен концерттерді, тағылымды хабарларды таңдап көретін. Ол кезде атыс-шабыс, басты мақсаты өлтіру болатын мисыз мультфильмдер тіпті де көрсетілмейтін. Қоңыр сағат сол бір жақсы мультфильмдер мен киноларын, әндерін сағынады. Үйде сөрелерде кітаптар бар. Енді анау айтқандай "кітапхана" емес. Дегенмен, жақсы-жақсы, оқуға тұрарлық кітаптар. Олар не туралы, кімдер жазғанын да сағат біледі. Өйткені үйдегілер, үйге келгендер соны ара-тұра бір-біріне баяндап отыратын. Үш заманның куәгері, ата, әке, баланың билік құрған тұстарын көре отырып мына кішкене балалардың замандарын да көрер ме еді деп армандайды. Әй, Шәке-ай, өмірдің құны қазір тым қымбат, аспанға шығып шарықтап кеткен. Сондықтан сағат сіз түгіл адамдар біз де ертеңді, онан арғы күнді көрсек екен деп армандаймыз. Және дағы өмір сапасы жақсы болуын тілейміз. Қоңыр сағат дін аман, жүрісінен жаңылмай жүріп жатыр, иесінің үйінде,

жатқан ештеңесі жоқ, екеуі де оятқыш сағаттар. Тек қазір оятпайды, уақытты ғана көрсетіп тұрады. Үлкенірегі анау күрені. Ол бірнеше жыл бізді сабаққа оятып тұрды, оны әкем қаладан алып келген. Тек ол маған ұнамайтын. Себебі, қоңырауы сызыла күңіреніп шығатын, оған бірден оянып кетпейсің гоі, бұл күңіренуі түсіме кіріп ылғи төртең қорқынышты түстен жүрегім атқақтап оянып кететінмін де мына сұм сағатты көргенде бірден қоңырауын басып тастайтынмын. Қалай оянсаң күнің солай өтеді дейді психологтар. Психолог деген сөздің түбірі "псих", ал "олог" сөз түрлендіруші жұрнақ яғни, психолог дегеніңнің өзі-психтарды зерттеуші дейді он үш жасар Қанат. Солай ма, жоқ па әркім өзі біледі. Бірақ мына сағатты содан бері жек көріп кеткенмін. Күнде қорқынышты түс көрудің несі жақсы. Түсі де ұнамайды. Қызылша түстес. Сырты да, шынысының ішіндегі түсі де сондай. Тілі мен сандары ғана қола түсті. Аты "янтарь". Қай жері янтарь екенін қайдам, оған "свекла" деген ат анағұрлым жарасар еді. Ал мынау дөңгелек қызыл сағат ана-ның қоңырауы істен шыққан соң келген сағат. Оны әкем біраз ауылды шарлап барып бірінің дүкенінен аттай қалап сатып алған еді. Үйге келгені есімде, көмпит-шәмпит, көйлек-көнпегіміз түгенделіп болған соң сүлгілерді үлкен қырыққабаттай етіп орап тастаған екен орауын жазып жатыр, жазып жатыр. Бір кезде суырып алып "міне, енді кешік-

## ● ҚҰТТЫҚТАУ

**Мерейтой - 60!**

Аралбай ауылының тұрғындары **НЫСАНБАЕВ Сламжан Садықұлын** 23 қаңтарда 60 жасқа толу мерейтойымен, құдағиымыз **ӘБІЛ НАҒИМА Нұртайқызын** 58 жасқа толу туған күнімен және зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбекте табыс, балаларыңыздың ортасында және немерелеріңіз Еркежан мен Мейіржанның тәтті қылықтарына тоймай жүре беріңіздер.

**Игі тілекпен құда-құдағилары: Қалабай-Рахима, Берік-Гүлзира, Жанна.**

**Құттықтаймыз!**

Жанкелдин ауданы, Аралбай ауылының тұрғындары ардақты әкеміз **НЫСАНБАЕВ Сламжан Садықұлын** қаңтар айының 23 күні 60 жасқа толуымен және аяулы анамыз **ӘБІЛ НАҒИМА Нұртайқызын** желтоқсан айында өткен 58 жасқа толған туған күнімен және зейнеткерлікке шығуымен, сондай-ақ ата-анамыздың шаңырақ көтергендеріне 30 жыл толғанымен шын жүректен құттықтаймыз. Ата-анамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт, отбасыларына қуаныш тілейміз. Алдағы өмірде немерелерінің тәтті қылықтарына сүйсініп, бейнеттеріңіздің зейнетін көріп, балалардың, туған-туыстардың, дос-жаранның ортасында әрдайым қуанышқа бөленіп, бірге қартайып, алтын тойды тойлауға Алла нәсіп етсін!

Ананың жөні бөлек, жолы бөлек,  
Ұрпағын өмір бойы жүрер демеп,  
Біз сізге қарыздармыз – асыл ана!  
Шуаққа жанымызды жүрген бөлеп.  
Қос бөйтерек, қос шынар биіктегі,  
Құрметтеп жатыр бүгін сүйікті елі.  
Мерейтой құтты болсын, әке-ана!  
Біздің де мерейіміз биіктеді.

**Игі тілекпен балалары: Әділжан-Мақпал, Венера, Сымбат. Немерелері: Еркежан, Мейіржан.**

**Мерейтой - 60!**

Қостанай қаласында тұратын қадірменді құдамыз **Бекежан КӨШМЫРЗИН** 24 қаңтарда асқаралы 60 жасқа толғалы отыр.

Адам баласының ғұмырында кемел жас 60-тың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың тал түс аталуы бекер емес-ау. Міне, сен де аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсың. Шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, өткен өмір бедерлері көңіл орнықтырып, көз тойдырады. Қуаныштысы, мерейтойыңды отбасыңның алтын қазығы болған жан-жарың Айсулумен бірге бала-шағаңның шаттыққа толы ортасында қарсы алып отырсың.

Жалпы, адам – өз өмірінің сәулетшісі деген рас-ау. Даралар да, қаралар да, даналар да қонақ болып өтетін мына дүниеде әркім өз өмір соқпағын өзі сомдайды. Оның мәнді де, сәнді, мағыналы да, мазмұнды болуы сол өмір иесінің қарымы мен қасиетіне байланысты. Біздің Бекежан құдамыз да өзінің еңбекқорлығының, іскерлігінің арқасында қарапайым ұстаздықтан директорлыққа дейін көтеріліп, биік бөлестерді бағындырған жан. Міне, ел сыйлаған құдамызды бүгінгі торқалы мерейтойымен біз де шын жүректен құттықтай отырып, мына жыр жолдарын арнаймыз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,  
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.  
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,  
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.  
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,  
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,  
Бала-шаға қызығына көнеліп,  
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Игі тілекпен: құда-құдағиың – Малғаждар-Жұмабике.**



"Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналастуға конкурс жариялайды:

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүгедектермен, ардагерлермен және жұмыссыздармен жұмыс жүргізу жөніндегі сектордың бас маманы (негізгі қызметкердің бала күту демалысы кезеңіне) **E-R-4** санаты.

Лауазымдық жалақысы қызмет өтіліне байланысты – 56 375 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:**

Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының "Республикадағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" заңын іске асыруды жүзеге асырады. Жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыру мәселелері жөнінде және соның ішінде Жол картасы бойынша қабылдау, тіркеу және кеңес беру. Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көрсету тізілімдеріне сәйкес өз құзыретінің шегінде мемлекеттік қызметті ұйымдастырады және ұсынады: тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыруды қамтамасыз етеді; мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне қол жетімділікті қамтамасыз етеді; мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қызметтерді алушыларға хабарлауды қамтамасыз етеді; мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызметтерді алушылардың өтініштерін қарастырады; қызметтерді алушылардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңдылық мүдделерін қалпына келтіру бағытында шаралар қолданады; мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына бағалау өткізу үшін уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына бағалау және бақылау жөнінде ақпараттарды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына ішкі бақылау қорытындысы бойынша ақпараттарды ұсынуды қамтамасыз етеді; Бекітілген стандарт бойынша "Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою", "Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру" мемлекеттік қызметті көрсетуді қамтамасыз ету, "Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек беру үшін оларға құжаттар ресімдеу", "Жұмыспен қамтылуға жәрдемдесудің белсенді түріне тақтысуға адамдарға жолдамалар беру", Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттар ресімдеу, үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу. Жұмысқа орналасу үшін бос орындарға қоғамдық жұмыстар, жастар тәжірибесі, әлеуметтік жұмыс орындары, Жол картасы, сондай-ақ жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқыту, қайта оқытуға жолдама беру, ОЖБ сәйкес мүгедектерді қосымша құралдармен қамтамасыз ету үшін өтінім құрастыру. Мақсатты топтар арасындағы жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналас-тыруға бірінші кезекте жәрдем көрсету." Халықты жұмыспен қамту туралы" заңнаманың мәселелері жөнінде жұмыссыз халық және жұмыс берушілер арасындағы ұйымдастырушылық-түсініктемелік жұмыстарға қатысу. Жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыру мәселелері жөнінде жергілікті атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен, қоғамдық және басқа да ұйымдармен қарым-қатынаста болу. Еңбек нарығы, халықты жұмыспен қамту,

мүгедектер мен ардагерлердің мәселелері бойынша талдағыш-хабарламалар мәліметтерін, анықтамаларды, хабарлар мен санақтық есептерді Халықты жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына даярлау. Бос орындар жөнінде мәліметтер банкі қалыптастыру және құрау. "ПОСОЛ" (стандарттық пікіртерін парақтар бағдарламасы), бағдарламалары бойынша жұмыс орындарын иеленушілер жөніндегі мониторингті жүзеге асыру. Бос орындар бойынша мәліметтер банкі қалыптастыру және құрау. "Еңбек нарығы", "Жұмыспен қамту" бағдарламалары бойынша мәліметтер банкі қалыптастыру және құрау. Еңбек нарығы бөліміне жедел мәліметтерді ұсыну. Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау және еңбек нарығы туралы есеп" Т-2 үлгідегі статистикалық есептерді, "Еңбек делдалдығына өтініш білдірушілердің сандары туралы есеп" Т-1 үлгідегі есептерді даярлау және тапсыру. "ПОСОЛ" базасы-пікіртерін парақтар негізінде бос орындар, еңбек нарығы жөнінде мәліметтер банкі қалыптастыру және құрау. Оралмандар, көмелетке толмағандар, бас бостандықтарынан айыру орындарынан босатылған жетімдер, мүгедектер бойынша есепке алуды және есеп беруді жүргізу. Кәсіпорындарда жаңа жұмыс орындарын, әлеуметтік жұмыс орындарын, Жол картасын, жастар тәжірибесін құру жөніндегі мониторингті жүргізу. Соғыс жылдары жұмыс істеген азаматтардың материалдарын аудандық комиссия отырысына даярлау, ЗТМО шешімдер даярлау. Мерекелік даталарға материалдар және оларға мониторингтер даярлау. Бос орындарға жәрмеңке өткізу жөніндегі жұмыстарға қатысу. Жоғарғы мекемелерге жұмыспен қамту секторы бойынша ай сайынғы, тоқсандық және жылдық есептерді тапсыру. Өз құзыретінің шеңберінде, жеке және заңды тұлғалардың жеке өтініштерін, хаттары мен шағымдарын белгіленген тәртіпте қарастыру. Мекемеде ішкі еңбек тәртібін, еңбек және өрт қауіпсіздігін сақтау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары – педагогикалық, экономикалық, қаржылық, бухгалтерлік есеп және аудит, заңгерлік, гуманитарлық, психологиялық, мемлекеттік және жергілікті басқару. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі педагогикалық, экономикалық, қаржылық, бухгалтерлік есеп және аудит, заңгерлік, гуманитарлық, психологиялық, мемлекеттік және жергілікті басқару білімі рұқсат етіледі. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. **"Қостанай ауданының Заречный ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші ма-**

**маны E-G-4 санаты.**

Лауазымдық жалақысы қызмет өтіліне байланысты – 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:**

Көп балалы аналарды марапаттау материалдарын дайындайды. Электрондық фермерлік кітаптарын жүргізеді. Ауылдық округтің шаруашылық кітаптарының уақытында және дұрыс толтырылуына, сақталуына жауап береді. Жастар бағдарламасы жұмысын жүргізеді. Халық сайлаушылар бойынша есеп берумен айналысады және саулау іс-шараларымен айналысады. Спорттық іс-шаралармен айналысады. "Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау". Ауылдық округте "Ауылдық аумақты дамыту" мемлекеттік бағдарламасының мониторингін жүргізеді. Ауылдық округтің паспортын дайындайды. Жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету жұмысының өткізілуі және ұйымдастырылуын бақылайды. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарайды. Көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолданады. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері бойынша ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізеді. Іс жүзіндегі заңнамаға сәйкес басқа функцияларды және селолық округ әкімінің тапсырмасын жүзеге асырады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары инженерлік, техникалық, экономикалық, педагогикалық, гуманитарлық, ауыл шаруашылық, заңгерлік немесе ортадан кейінгі инженерлік, техникалық, экономикалық, педагогикалық, гуманитарлық, ауыл шаруашылық, заңды білім не орта техникалық немесе кәсіптік білім. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңгерлік тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастуға кон-

курс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары (бұдан кейін – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жариялаған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Затобол кенті, Калинин көшесі, 65 үй, 205 каб., анықтама телефоны 8-71455-2-19-45, факс 8-71455-2-19-45, электрондық мекенжай ok.kostregion@mail.ru ұсыну қажет. Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттарды көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссияның айқынылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурстық комиссияның бақылаушылары ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілетті қызметкерлері қатыса алады.

